e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

25 мамыр 2018 ж. жұма №59 (18707)

ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

Бір белес артта, мың белес алда

Кенже ҚОНЫСБАЙ

Бүгін Қазақстан мектептерінде соңғы қоңырау соғылды. Мектеп оқушылары тағы бір жылды артта қалдырып отыр. Ал түлектерді алда маңызды сынақ күтеді. Олар Ұлттық бірыңғай тестілеуден сүрінбей өтуге ниетті. Қостанай облыстық білім басқармасының мәліметінше, биылғы түлек саны – 4832. Оның 3201-і ұлттық тестілеуге қатысады. 142 оқушы «Алтын белгіден» үміткер. Тағы 131 бала білімін Астанадағы Назарбаев және шетел университеттерінде жалғастырмақ, яғни олар сынақтан босатылады.

Биыл Қостанай қаласындағы №10 орта мектептен 64 оқушы түлеп ұшпақ. Бұл білім ошағында басаяғы 714 бала оқиды. Биылғы жылды 76 оқушы үздік бітірген. Ал, жалпы, №10 мектеп өткен жылды жемісті аяқтап отыр. Өйткені, олар қалалық пәндік олимпиадаларда жүлделі 20 орын иеленген. Облыстық пәндік олимпиадада 9-сынып оқушысы Санжар Марат ағылшын тілі пәнінен 2-орынды жеңіп алған. Қалалық ғылыми жобалар сайысы бойынша 8, облыстық ғылыми жобалар сайысында 2 жүлделі орын бұйырған. Олар: 10-сынып оқушылары Жасұлан Нүсіпқан, Алтынбек Батырбеков, Әділхан Азырқан 2-орын және 4-сынып оқушысы Темір Аманжол тарих үйірмесінен 1-орыннан көрінген.

Бұған қоса, 10 сынып оқушылары Марияш Шегенова және Қарлығаш Жангарина Мәскеу қаласында өткен «Математика және жобалау» XII Халықаралық ғылыми конкурсында еліміздің туын асқақтатып, жүлделі 2-орын алыпты. Бұл – үлкен жетістік. Бұдан бөлек, №10 мектеп оқушылары «Таңғы шұғыла» халықаралық фестивалінен 1-орын жеңіп алғанын айта кету керек.

Оқушылары біліммен қатар, спортты серік еткен. Жеткіншектер қалада өткен футбол, волейбол, көңілді старт, тоғызқұмалақ жарыстарында 9 мәрте тұғыр биігінен көрінген. Бұдан бөлек, дебат сияқты басқа да шығармашылық сайыстардан құр қалған емес.

Суретті түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.

АЙМАҚ

Науқан бел ортаға таяды

Жандос ЖҮСІПБЕК

Бүгіндері облыс бойынша егіс науқанының межеленген жоспары 47 пайызға орындалды. Өңір диқандары дала жұмыстарын 3 маусымға дейін аяқтауға ниетті. Өзге аудандар сияқты сарыкөлдіктер де бел жазбай еңбектену үстінде. Оған облыс әкімі Архимед Мұхамбетов жұмыс сапары барысында көз жеткізіп қайтты.

Аудандағы науқан барысын кәнігі диқан Баймырза Сатаевтің алқабындағы қызу жұмыстан-ақ аңғаруға болады. Дән сіңіру дәстүрін биыл 25-рет жалғастырып отырған оның иелігінде 12 мың гектар егістік жер бар.

– Мұншама аумақтың 4 мың гектарына бидайдың 29, 36 маркалы Омбы сұрыбы, 3 мың га аумаққа «Қостанай-2» қатты бидай тұқымы, 1100 гектарына күнбағыс дәні себілді, қалғаны – азықтық тұқымдарға тиесілі, – дейді ол. – Әзірге, қолбайлау болар ешқандай қиындық жоқ. Техника сайлы, жанар-жағар май жеткілікті, ауа райы жайлы.

Науқанға жылдағыдай 16 мамырда кіріскен ол осы айдың 30-да жұмысты толық аяқтайтынын айтады. Ал аудан әкімі Эльдар Күзенбаевтің өңір басшысы Архимед Мұхамбетовке берген мәлімдемесіне сүйенсек, сарыкөлдіктер егіс жұмыстарын маусым айының алғашқы бескүндігінде тәмамдаудан үмітті. Биыл әртараптандыруға ден қойылуына байланысты, астық егілетін танап әлдеқайда қысқарған, есесіне элиталы тұқым былтырғыға қарағанда 2,8% артық сіңіріледі.

2-бет.

31 мамыр күні "Орталық" стадионында футболдан Қазақстан чемпионатының XIII тур ойындары аясында
«Тобыл» (Қостанай) – «Қызылжар СК» (Петропавл)
матчы өтеді.
Матчтың басталуы 19.00.
Билеттерді стадион кассаларында және "Осьминог" аквапаркінде сатып алуға болады.
31 мая на стадионе "Центральный" в рамках XIII тура Чемпионата Казахстана по футболу состоится матч
«Тобол» (Костанай) – «Кызылжар СК» (Петропавловск)
Начало матча в 19:00.
Билеты можно приобрести в кассах стадиона и аквапарка "Осьминог".

●БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Рамазан айы. Күннің райы да құбылып, соңғы күндері күрт ысыды. Жер-ана еміреніп, дала төсі бусанды. Қара топыраққа дән себіліп жатқан қауырт шақ.

Қара жер

Жердің жүзі көгалданып, жап-жасыл түспен құлпыра түскен сайын адамның да дидарында нұр ойнап, қара жердің құдіретімен айрықша бір күй кешуде. Иә, қара жердің құдіретімен...

Алла-тағала әуелде адамды неден жаратуды ойлап, ол ойын дүниеге жар салыпты. Сонда аспан, тау, тас, от, су, жел бәрі адамды менен жаратса екен деп таласқа түсіпті. Кілең мықтыларды көріп, топырақ: "Мендей қадірсіз заттан Адамдай ұлық затты жарата қоймас", – деп, үндемей шет қалыпты. Ал Жаратқан иеміз болса әлгі таласқандардың бойынан мін тауып, жаратпай тастапты. Сосын жерге қарап:

– Адам тәнін сенен жаратамын, себебі, сен – кішіпейілсің. Ал бұл менің ең жақсы көретін мінезқұлқым. Дүниедегі барлық тіршілік иесі саған тәуелді болады. Мінезің ауыр, сабырлы. Қойның толған береке. Алтын-күміс, ас-ауқат түгел дерлік сенен өніп шығады. Күллі мақұлық нәжісін саған төксе де, сен одан хош иісті гүл шығарасың. Лас су жерге сіңіп, тәтті бұлаққа айналады. Жасаған жақсылығыңды міндетсіну сенде жоқ. Адам сенен жаралып, өлген соң саған оралады. Адам ұрпағы тірісінде неғұрлым саған ұқсаса, соғұрлым менің алдымда қадірлі болады, – дейді. Осы кезде қара жер Алладан дат сұрайды.

– Иә, Жаратушы ием, адамды менен жаратқаныңа қарсы емеспін. Олар қанша мыңдап жерленсе де, мен олардың денесін шірітіп, тәндерін топыраққа айналдырамын. Бірақ, адам баласы ғапылдықтан күнәні көп жасайды. Олар өмірден өткен кезде, менің қойныма таудай күнәлар арқалап келеді. Сонда олардың ауыртпалығын кім көтереді? Жасаған қиянаттары мен зорлық-зомбылықтары менің де арқама батар, – дейді.

– Қара жер, қайғырма. Мен шебер Алламын. Олардың күнәсін жойып, саған салмақ салмауға құдіретім жетеді. Мен адам ұрпағына Құран түсіремін. Марқұм болған адамдардың ұрпақтары әруақтарды еске алып, оларға Құран оқытып, дұға ететін болса, олардың күнәлары жойылып отырады. Сонда саған да артық жүк түспейді. Мұсылмандар әруаққа Құран оқуды тоқтатқанша осылай жалғаса береді, – дейді. Қара жер сонда барып тынышталыпты.

Қазақ жері... Ата-бабаның қаны мен тері сіңген жер. Кешегі есте бар ғұндардың заманында іргедегі жау кең байтақ жерге қызығып, оны алудың амалына кіріседі. Жау ел ғұндардың жас патшасына елшісін жіберіп: "Мөде достығымызды сыйласа, маған сәйгүлігін берсін" – дейді. Сөйтіп, күніне айшылық жолдарды алатын жүйрік тұлпарын сұратады. Мөде елдің ең атақты да ақылды адамдарын жинап, кеңесе отырып, олардың қарсылығына қарамай, жүйрік тұлпарды сыйға тартады. Бірақ қаскөй ел Мөдеге тағы да жаушы жіберіп, хан өзінің ең сұлу да сүйікті әйелдерінің бірін тарту етуін сұрайды. Мөде тағы да өзінің ең ақылгөйлерін жинап алып: "Арғымақ та, әйел де ел тыныштығының кепілі болсын", – деп, әйелін де жауға беріп жібереді. Барған сайын мейманасы тасыған жау әміршісі: "Екі ел аралығында шөп те өспейтін, суы да жоқ, ешкім мекен етпеген, бір пұшпақ жер бар еді. Сендерге мүлдем керексіз сол жерді беріңдер", – деп жаушы жібереді. Кеңесшілері беруге де болады, бермеуге де болады деп салғыласқанда Мөденің төзімі таусылып: "Мен қаскөйлердің екі талабын орындадым, себебі, ат та, әйел де өзімдікі болатын. Ал, жер жақсы болса да, жаман болса да халықтікі!" – деп, ол жерді жатқа беру керек дегендерді дарға асуға бұйырып, өзі қол бастап, жауға қарсы жорыққа аттанады. Сөйтіп, қара жерге жаудың табанын тигізбей, қорғап қалыпты. Сол жер бүгінгі қазақ жұртының бір пұшпағы еді. Қазір сол жер миуалы бақ, жасыл желегі жайнаған дархан дала. Қара жердің бүккен сыры қаншама...

Спорт нысандарын аралады

"Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының төрағасы Тимур Құлыбаев Қостанайға келген сапарында Ұлттық олимпиадалық комитетінің басшысы ретінде өңірдегі бірқатар спорттық нысанды аралап, олардың инфрақұрылымы, даму жағдайымен танысты.

Мемлекет мүддесін бизнеспен біріктіру – бүгінгі күннің басты талабы. Осыны ұғынған көптеген жекеменшік серіктестік қазір әлеуметтік нысандарды ел игілігіне жаратуға септесіп жүр. Оның ішінде облыс спортының дамуына қосылған үлес қомақты. Мәселен, өңірде жаңа нысандар бой көтеруде. Мәртебелі мейман өңірдің спорттағы жетістіктерімен танысуды Қостанай ауданындағы жаңартылған "Затоболец" стадионынан бастады.

Затобол стадионына өткен жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Алаңға жасанды шөп төселді, жүгіру жолақтары ауыстырылды. "Затоболец" "Тобыл" футбол командасының қосымша ойын алаңы болып есептеледі. Мұнда ерте көктемде чемпионаттың бірқатар матчы өтетіндігі белгілі. Ал, былайғы күндері "Тобыл" футболшылары жаттығады. Айта кететін бір жайт, келесі жылы Қазақстан футбол федерациясының шешімімен қостанайлық клуб еурокубоктық жарыстарға қатысатын болды.

Естеріңізге сала кетейік, өткен маусымда Премьер-лига сапында "қола" жүлдегер атанған және Еуропа лигасында ойнау құқығын иемденген шымкенттік "Ордабасы" командасының кейбір қаржылық критерийді орындамау себепті ірі доп додасынан шеттетілді. Шешім сертификаттау бойынша комиссияның отырысында қабылданды.

Енді "Тобыл" клубына еурокубок маусымына мықтап дайындалу қажет. Бұған клубтың материалдық тұрғыда қаншалықты дайын екенін "Тобол" ФК директоры Николай Панин айтты.

Еуропадан футбол клубтарын қабылдау үшін жақсы алаңның, сонымен қатар, жаттығу үшін сапалы алаңның бар болуы шарт. Қостанайдағы стадион УЕФА талаптарына толық жауап береді. Затоболдағы жасыл алаң да дайын. Өңір басшысы Архимед Мухамбетов және Қостанай ауданының әкімі Кайрат Ахметов ҰОК басшысына Финляндиядан әкелінген SALTEX DROP жасанды шөпті-төсем үлгісін көрсетті.

"Matrix" инновациялық технологиялармен жасалған жасыл алаңның түгі ойындардан кейін де бастапқы қалпын сақтайды. Яғни, табиғи шөптен бәлендей айырмасы жоқ. Бұл кез келген матч өткізуге аса қолайлы. Сондай-ақ, "SALTEX DROP" тамшы тәрізді құрылғысы жасанды шөптің сынбауына сеп. Төзімді.

Жаңарған "Затоболец" стадионы еліміздегі ең үздік футбол алаңдарының үштігіне еніп отыр.

Айжан АДЫРБАЕВА.
Қостанай облысы.

Науқан бел ортаға таяды

1-бет

13 мың га жерге күнбағыс дәні көміліп, 15 мың гектарға картоп өсірілмек.

– Биылғы көктем науқанына 970 бірлік трактор, 50 тұқым себу кешені жұмылдырылды. Жұмыс кестеге сай еңсеріліп келеді, – деді Э.Күзембаев. – 23 мамырдағы көрсеткіш бойынша, дала жұмыстары 44% орындалып отыр. Оның 42% бидайға тиесілі, ал 18 мың га алқапқа майлы дақылдар егілді. Жанар-жағар май жеткілікті, қоймада 1100 тонна қор бар. Енді, ауа райы қолайлы болса, жұмысты 2-3 маусымда толығымен аяқтауды көздеп отырмыз.

– Басты мақсат – егіс жұмысын неғұрлым оңтайлы мерзімде бітіру. Өйткені бұл – өнімді молырақ алуға ықпалы бар маңызды факторлардың бірі. Алдағыны әлі уақыт көрсетер. "Қазгидромет" мамандары жазда түсетін жауын-шашын орташа болады деп жорамал жасап отыр. "Ауланбаған аюдың терісін бөліске салмай тұра тұр" деген бар ғой, үмітпен күтейік. Бастысы, күзде жақсы көңіл-күймен кездесуге жазсын, – деді облыс әкімі сарыкөлдік шаруалармен әңгімесі барысында.

Ол қазіргі таңда дақандарды күпті қылып отырған бидай бағасына да қатысты пікір білдірді. Астық құнын аз да болса көтеру ұсынысымен министрлікке және азық-түлік корпорациясына жүгіну жоспарланып отыр екен. Майлы дақылдардан да сайлы табыс көру мүмкіндіктерін осы бастан қарастыру қажеттігі зор.

– Майлы дақылдар алқабын ұлғайтумен қоса, өнімдерді өткізу тетіктерін сіздер үшін айқындап беру – міндетіміз. Сол себептен, Kazmil компаниясымен әріптес болу жолы ашылып отыр. Инвесторларды күні кеше ғана қабылдадым. Бұл Қазақстан мен Қытай республикаларының бірлескен компаниясы. Олар біздегі индустриялық аймақта 200 млн еуроға ұн, күнбағыс майы және кеспе өндіретін ірі зауыт салмақшы. Бұл сіздердің өнімдеріңіздің тұрақты тұтынушы болар еді, – деді А.Бегежанұлы.

Жалпы, аймақ басшысы негізге алатын мақсат – майлы дақылдарды да, бидайды да қабылдайтын бірнеше зауыт салу. Сол арқылы, өңдеуші зауыттардан алшақтауға бейімделу қажеттігі туындайды. Бұған қоса, сату-өткізу мүмкіндіктерін тұрақты иелену – табыс қайнары. Оны тапқаннан кейін ғана тиісті аудандардан әртараптандыру бағыттарын есепті түрде талап ету ықтимал болмақ.

Әртараптандыру демекші, әл-әзір бұл бағыт Меңдіқара, Ұзынкөл, Қарабалық, Федоров, Қостанай сияқты 6-7 ауданда ғана жүзеге асып жатыр. Облыстағы бұл бағытқа тиесілі танап көлемі – 444 мың га. Көпшілігі – күнбағыс, лен, жасымық, рапс.

Айта кетейік, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысы Дархан Әбдікәрімовтің ақпаратынша, бүгінгі таңда өңірде 3 млн 980 мың га алқаптың 1880 мың гектарына дән себілген.

Суреттерді түсірген Б.КӨРКЕМБАЕВ.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ

Облыс бюджеті қайта қаралды

Қарлығаш ОСПАНОВА

Облыстық мәслихаттың алтыншы шақырылымының кезекті сессиясында 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасының өңірде іске асырылу барысы, Қостанай облысының 2017 жылғы облыстық бюджетінің атқарылуы мен облыстық мәслихаттың 8 желтоқсандағы №213 «Қостанай облысының 2018-2020 жылдарға арналған бюджеті» қайта қаралып, нақтыланды.

Облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Б.Есенқұловтың айтуынша, бұл өзгерістер жергілікті атқарушы органның бастамасымен жүзеге асырылды. Негізгі себеп – салық базасының өсуі және қаражатты қайта бөлу. Әр салаға бөлінген 3,5 млрд теңге бюджет қаражатын тарқатып айтар болсақ, ең негізгі басымдық денсаулық, спорт, мәдениет, білім, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы сияқты әлеуметтік салаларға бағытталмақ. Мәселен, денсаулық сақтау басқармасына 574 млн теңге, оның ішінде медициналық ұйымдарға 5 цифрлық рентген аппаратын және облыстық ауруханаға бір хирургиялық рентген аппаратын сатып алуға 537,4 млн теңге, ал жедел медициналық көмек станциясы құрамында облыстық Call-орталығын құруға және жедел жәрдем шақыруларын қабылдау және өңдеу бойынша басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізуге 37 млн теңге бөлінбек.

Дене шынықтыру және спорт басқармасына деп қарастырылған 523 млн теңгенің 98,6 млн теңгесі «Затоболец» стадионын, ал 19 млн теңге Заречное ауылындағы ипподромды ағымдағы жөндеуге, 338,5 млн теңге облыстық деңгейге берілген Рудный қаласындағы спорттық клубтарды қаржыландыруға және 19 млн теңге паралимпиада чемпионы А.Колядинге 3 бөлмелі пәтер сатып алуға бағытталмақ. Сондай-ақ, 841 млн теңге мәдениет басқармасына бөлінетін болады. Бұл қаражат Қостанай қаласында салынып жатқан ұлттық мәдени орталықтың материалдық-техникалық жабдықтарына және Қарабалық ауданындағы мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмыстарына жұмсалады.

Қомақты қаражат энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасына тиесілі. Облыс бюджетінен елді мекендерді ауызсумен қамтуға, газ тартуға және жолдарды қаржыландыруға облыс бюджетінен 403 млн теңге бөлінсе, мұның сыртында республика қазынасынан қосымша 3,7 млрд теңге бөлініп отыр.

– Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасына да 373 млн теңге. Оның ішінде республикалық бюджеттен 466 млн теңге сомасында бөлінген несиеге байланысты нәтижелі жұмыспен қамтудың және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберіндегі шағын несиелерді бірігіп қаржыландыруға 51,8 млн теңге, облыс аймағында инновациялық жұмысты арттырудың және инновацияның дамуы күш-жігерін шоғырландыру мақсатында өңірлік инновациялар кеңесін құру үшін 18,7 млн теңге, облыстың тауар өндірушілерін қолдау және мадақтау мақсатында «Қазақстанның ең үздік тауары» өңірлік байқау-көрмесіне 3 млн теңге бөлу жоспарланып отыр, – дейді басқарма басшысы Б.Есенқұлов.

Бюджет қаражатынан құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы да қалыс қалдырылған жоқ. Бұл мақсатқа бөлінген қаржыға Қостанай ауданының Заречный ауылындағы солтүстік шағын ауданында кәріз жүйелері салынып, медициналық, автомобиль көлігі және политехникалық колледждерінің студенттері үшін салынатын үш жатақхананың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленбек. Сонымен қатар, Федоров ауданындағы Копычен ауылындағы өсімдік майын өндіретін зауытты газбен қамтамасыз етуге, Рудный қаласының құрылыстық кадастрының кезекті топографиялық жоспарларын әзірлеуге, жалдамалы тұрғын үйді салу жөніндегі екі жобаны бірігіп қаржыландыруға да қаражат бөлінетін болады. Ал, білім басқармасына бөлінген 148 млн теңге мектеп оқушыларына оқулықтар сатып алуға және компьютерлендіруге жұмсалмақ. Сондай-ақ, Корей көпірінің күрделі жөндеу жұмыстарына арналған жобалық-сметалық құжатты әзірлеуге, «Восток-Қарасу-Қостанай» және «Қарасу-Қостанай» сияқты әлеуметтік маңызы бар автомобиль маршруттарын субсидиялауға, облыстық маңызы бар жолдарды паспорттауға да қаражат қарастырылып отыр.

Мәслихат сессиясының күн тәртібінде қойылған сауалдар – Лисаков қаласындағы кейбір көше аттарын өзгерту, жылу маусымына дайындық шарасының тәртібін өзгерту, азаматтардың жекелеген сұрақтарына байланысты дәрілік заттарды қосымша беру жөніндегі ұсыныстарды халық қалаулылары бірден қолдады. Ал жұмыла жасаған жұмыс үшін алғысын білдірген облыс әкімі А.Мұхамбетов ендігі басты міндет – қазына қаржысын тиімді игеріп, жұмыстың сапалы орындалуын қадағалау екендігін ескертті.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – ЖАҢА КӨКЖИЕК

«Латынға көшу емес, оралу»

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

«Латын әліпбиіне көшу – болашаққа бастар бағыт» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту комитеті төрағасының орынбасары Ғалымжан Мелдешев осылай деді. Өңірімізде өткен үлкен жиынға Ақмола, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан облыстарының тілдерді дамыту басқармаларының, жоғары оқу орындарының басшылары мен ғалымдары, «Мемлекеттік тілдің латын әліпбиіне көшуі» арнайы жобасы бойынша құрылған ақпараттық-насихат топ мүшелері мен сарапшылар, БАҚ, зиялы қауым, ҮЕҰ өкілдері қатысқанын айта кетейік.

Қазақ жері өткен ғасырда латын әліпбиін қолданудан ешқандай қағажу көрген жоқ. Керісінше, өркениетке апарар қадамдардың бастауында болды. Латын әліпбиіне көшу үдерісін XX ғасыр басында Алаш арыстары көтергені мәлім. Еліміздің тарихында бұл қаріптің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929-1940 жылдары қолданыста болып, кейін кирилл емлесіне ауыстырылғаны белгілі. Ал тәуелсіздік алған жылдардан латынға өту мәселесі қоғамда қайта көтеріліп, алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында айтылған болатын.

2012 жылы Мемлекет басшысы «Қазақстан – 2050» Стратегиясында: «Біз 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керек», – деп нақты мерзімді жария етті. Латынға көшудің терең мәні бар, оның басты мақсаты – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және тілдің болашағына деген сенімді нығайту. Бұл тіліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, қолдану аясын кеңейте түсетіні анық. Өйткені, бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процестерінің ерекшеліктерімен байланысты.

Биыл елімізде жаңғыртудың жан-жақты дамуын айқындап берген «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру» мемлекеттік бағдарламалық мақаласына бір жыл толды. Президентіміз мақалада қазақ тілінің латын қарпіне көшуіне байланысты келелі міндеттерді кезең-кезеңімен жүзеге асыруды тапсырып, бұл бастаманың елдің рухани болмысы мен қоғамдық ой-санасын өзгертіп, оны жаңғыртуға зор үлес қосатынын айтқан болатын. Бір жыл ішінде бағдарлама аясында ауқымды жұмыстар атқарылды. Ғалымдар ұсынған жаңа әліпбидің нұсқасы жалпыхалықтық талқылауға түсіп, өткен жылы қазан айында Президент Жарлығымен бекітілді.

Халқымыздың рухани жаңғыру жолының негізінің бірі әрі бірегейі – тілдік реформа. Сол тілдік реформаның негізін қалап, заманға лайықтаған да – Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш арыстары. Ал қазақ графикасы түркі тілдерінің ішіндегі ең озық, ең жетік, ең жүйеленген екенін сол замандағы КСРО-ның танымал ғалымдарының өзі мойындаған. Сол себепті, бүгінгі конференцияның Ахаң туған өңірде өтуі аса маңызды екеніне тоқталған А.Байтұрсынов атындағы Тіл институтының директоры Ерден Қажыбек жаңа қазақ әліпбиін әзірлеудің үш артықшылығын атап өтті:

– Біріншіден, әлемнің қырықтан астам мемлекетін мекендейтін қазақтың үлкен шоғыры латын әліпбиін кеңінен қолданып отыр. Сол себепті, бұл тұтастығымыздың кепілі саналады. Екіншіден, бұл үдеріс біздің еліміздің түркітілдес халықтармен ғылым, техника, мәдени-рухани жағынан жақындауына мүмкіндік бермек. Үшіншіден, латынға өту Қазақстанның басқа мемлекеттермен экономика, қаржы, сауда, басқа да салалар бойынша бәсекелестігін күшейтіп, инновациялық болашаққа қадам жасауына серпін болады. Ендігі бір ескеретін жағдай, біз тек қазақ тілін латынға көшіреміз демеуіміз керек, мұны Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін жаңа әліпбиге көшіру деп қабылдағанымыз жөн, – деді ғалым.

Әліпбиді латын қарпіне көшіруді жалпыұлттық талқылау жоспарына сәйкес ақпараттық түсіндіру жұмыстары басталып, қазіргі уақытта кеңінен жүргізілуде. Қостанай облысында да қазақ тілін латынға көшірудің өңірлік іс-шаралар жоспары бекітіліп, жүйелі жұмыстар жүзеге асырылып келеді. Бұл науқанға мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, аймақ жастары белсенділік танытуда.

Қазақ тілін латын графикасына көшіру жұмыстарына жергілікті БАҚ-тың қосқан үлесі зор. Соның ішінде біздің газетіміздің осы науқанның басынан табылғанын облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Гүлжан Меңдекенова ерекше атап өтті. Айтып өтетін жайт, «Қостанай таңы» газеті тіл мамандарының қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырып, авторлардың мақалаларын үзбей жариялап келе жатыр. Қазір көпшілік оқырман үшін басылымымыздың сайтының басты бетінде орналасқан «Латын әліпбиіне көшіңіз» транслитерациялау қосымшасын пайдалануға мол мүмкіндік бар.

Бүгінгі таңда Үкімет басшысының төрағалығымен құрылған ұлттық комиссия жанынан жұмыс топтары терминологиялық, орфографиялық, лингвистикалық, ақпараттық салалар бойынша қыруар шаруамен шұғылдануда. Сәтін салса, биылғы жылдың аяғына дейін латын графикасының емле-ережесі әзір болып, келесі жылдан мектепке дейінгі бүлдіршіндер жаңа қаріппен оқытыла бастамақ.

Белгілісі, жаңа таңбалауға өтудің алғашқы кезеңінде басым салмақ ұстаздар корпусына жүктеледі. Демек, жоғары оқу орындарындағы тіл саласы кафедралары, жергілікті әкімдіктердің тілдерді дамыту басқарма-бөлімдері мен мектеп мұғалімдерін үлкен науқан күтіп тұр. Ал келер жылдың аяғына дейін ғалымдардың мақұлдауынан кейін елімізде үлкен орфографиялық сөздік пен ережелердің жиынтығы жарық көрмек.

Суретті түсірген Б.АХМЕТБЕКОВ.

КӨКТЕМНІҢ КҮНІ – ЖЫЛҒА АЗЫҚ

Әлібек ЫБЫРАЙ

Дала төсінде егіс науқаны қыза түсті. Күннің шырайлы шағын тиімді пайдалануды білетін шаруалар биыл да науқанды межелі мерзімде бітіргенше асық. Бүгінгі күннің өзінде облыс бойынша дала жұмыстарының дені еңсерілді. Егер ауа-райы жаймашуақ қалып танытып тұрса, диқандар бар істі бір жеті-он күнде аяқтауды жоспарлап отыр. Біз облыстық ауылшаруашылық басқармасының бөлім басшысы Сәлімжан Есенамановтан дән себу жұмыстарының барысы туралы сұрап-білдік.

Дала жұмыстарында еш іркіліс жоқ

– Сәлімжан Майлыбайұлы, бір аптадан бері дән еккен диқандар қауымы науқандық жұмыстардың едәуір бөлігін еңсеріп тастады. Алайда, кешегі жаңбыр шаруаларға сәл қолбайлау болған сияқты. Өткінші жауын-шашынның науқанға онша әсері жоқ шығар?

– Кешегі жауған жаңбыр дән сіңіру жұмыстарын уақытша тоқтатқаны рас. Бірақ, өзіңіз айтқандай, оның бәлендей әсері жоқ. Неге десеңіз, көктемгі түскен ылғал тез кебеді. Сондықтан, бұған алаңдауға еш негіз жоқ деп ойлаймын. Ал, былайша, егіс жұмыстары ырғақты жүргізіліп жатыр. Бүгіннің өзінде облыстағы ауылшаруашылық тауар өндірушілері 1 880 мың гектар алқапқа дән сіңіріп үлгерді. Қазір қартоп егу жұмыстары бітуге таяу. Әзірге, аудандардың бәрі күндік нормаларын орындап жатыр. Таран ауданының диқандары жалпы егістіктің 45%-ін аяқтады. Бұл көрсеткіш Аманкелдіде – 44, Денисов ауданында – 42, Жанкелдин мен Қамыстыда – 40%-тей атқарылды. Теріскей өңірлерді өздеріңіз жақсы білесіздер, алқаптары үлкен, әрі бұл жақта оңтүстік аудандарға қарағанда жауын-шашын жиі түседі. Ылғал мол. Әйтсе де, шаруалар көктемгі дала жұмыстарын белгіленген мерзімде толық аяқтайды деген сенім зор. Яғни, 5 маусымға дейін барлық жұмыс бірыңғайланады деп ойлаймын.

– Науқандық жұмыстарды өз уақытында аяқтауға тек күн райы ғана емес, бірнеше фактордың да әсері бар ғой. Мәселен, техника жарамдығы, жанар-жағар май дегендей. Әлде бұл жағынан еш қолбайлау жоқ па?

– Бүгінгі таңда бұл жағынан еш іркіліс жоқ. Қазір облыстың егіс танаптарында барлығы 24 мың трактор, 870-тей дән себетін кешен, 1000-нан астам бүріккіш, 8 мың жүк көлігі жұмыс істеп жатыр. Енді техника болған соң сынбай тұрмайды. Бұл тез шешімін табатын дүние ғой. Қорда қажетті қосалқы бөлшектер бар. Мамандар да жеткілікті. Сондықтан, ешқандай қолбайлау болуы мүмкін емес.

Көктемгі дала жұмыстарына бөлінген 71 мың тонна дизельдік отынның қазір 53 мың тоннасы шаруалардың қолына тиді. Оның бағасы аса қымбат емес. Үкімет әр литрге 156 теңге белгілеген. Бұл – үлкен көмек. Жалпы, мемлекет елдің ауыл шаруашылығы саласын дамытуға нақты көңіл бөліп отырғанын айта кеткен жөн. Соның арқасында диқандар ештеңеден тарығып отырған жоқ.

– Жерді әртараптандыру мәселесі соңғы жылдары мықтап қолға алынғаны белгілі. Әсіресе, біздің солтүстік өңірлерде бидай алқаптары азайтылып, керісінше, майлы дақылдарға назар аударыла бастады. Соған қарағанда оған деген сұраныс мол сияқты...

– Иә, оныңыз рас. Мемлекет басшысының өзі жерді әртараптандыруды үнемі айтып жүр. Мұның пайдасы өте зор. Мәселен, қазір майлы дақылдардың бағасы бидай құнына қарағанда анағұрлым жоғары. Сондықтан, бұл шаруалардың өздері үшін өте тиімді. Екіншіден, кеңес заманында жерді қалай болса, солай жырта берді емес пе. Содан топырақ құнарынан айрылды. Бидайдың сапасы төмендеді. Ал оның нарықтағы құны болмашы тиын-тебенге бағаланып жатыр.

Облыста жылма-жыл бидай алқаптарын қысқартып жатырмыз. Өткен жылы өңірде майлы дақылдар алқабы 351 мың гектар болса, биыл ол 444 мың гектарға ұлғайтылмақ. Яғни, үстіміздегі жылы 93 мың гектарға көбейді. Оның ішінде ауылшаруашылық құрылымдары картоп өсіруге мүдделі. Дәнді-бұршақты дақылдардың да пайдасы шаш-етектен. Сосын, облыста мал басының өсуіне байланысты жем-шөп қорын молайтуға да мән беріп отырмыз.

Қазір саннан сапаға көшетін уақыт. Қолдағы дүниеңнің аз да болса, сапалы болғаны жақсы. Өйткені, бізде ең бірінші адам денсаулығы басты орында. Сондықтан, халықты сапалы азық-түлікпен қамту үшін тиімді қадамдарға барып жатырмыз. Елбасының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің алдына қойған басты міндеті де осы. Оның үстінде, еліміздің экспорттық әлеуеті жылдан-жылға ұлғайып келеді. Яғни, сырт елдерге де сапалы өнім ұсына алсақ, соғұрлым сұраныстың көбейетіндігі ақиқат.

Күзде қоймаға түскен тұқым мәселесіне де шетін қарай алмаймыз. Оның бәрі мұқият зерттеледі. Әр дәні тексеріледі.

– Қазір шаруалардың дені жаңа технологияға иек артып жүр. Бұл да топырақтың құнарын арттыруға зор ықпал етері сөзсіз. Оның үстіне астық мол шығады. Дегенмен, кейбір шаруашылықтың заманауи тәсілге жүгіне бермейтіні бар. Күзде опық жеп қалмай ма?

– Бүгінде астық өсірумен айналысатын мемлекеттердің бәрі жаңа технологияға нақты мән беріп отыр. Онсыз жерден мол өнім алу қиын. "Баптай білсең, жер жомарт" дегенді халқымыз бекерге айтпаған. Жерге күтім әбден керек. Өткен жылдарға дейін облыс диқандары қарапайым ылғал сақтағыш технологияны кәдеге жаратып келді. Енді көбісі нөлдік технологияға көшіп жатыр. Мұны қазіргі таңда Еуропаның көптеген елдері қолданысқа енгізген. Оның өзіндік қасиеті сол, ең бірінші кезекте нөлдік технология топырақты эрозияға ұшыраудан сақтайды. Екіншіден, топырақтың құнарын арттыруға септігін тигізеді. Тағы бір тиімділігі – егістік жұмыстарына жұмсалатын шығынды еселеп азайтады. Яғни, ылғал сақтау технологиясы жерді жыртпай-ақ, дәнді тікелей себуге, сонымен қатар, дақылдың дәнімен бірге сабағын да пайдаға жаратуға мүмкіндік береді. Өткен жылы қостанайлық шаруалар 1,6 мың гектар алқапқа нөлдік технология енгізген. Мұнымен тоқталып қалуға болмайды. Біздің диқандарымыз бұдан ұтпаса, ұтылмасы анық.

– Әңгімеңізге рахмет!

СУРЕТТЕРДЕ: облыстық ауылшаруашылық басқармасының бөлім басшысы Сәлімжан Есенаманов; дала төсінде еңбек қызған шақ.

МӘДЕНИЕТ

Өнерлілер мен өрелі істер

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Қостанайда мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні аясында "Рухани қазына" форумы өтті. Жиынды облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмақов жүргізіп отырды. Ерлан Болатұлы өз баяндамасында басқарманың былтырғы жылы атқарған іргелі істерімен бөлісті.

– Өздеріңізге белгілі, "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында облыста бірқатар ауқымды шара іске асырылды. Соның ішінде мемлекет қайраткері, батыр Шақшақ Жәнібекке ескерткіш орнату, Кейкі Көкембайұлының сүйегін жерлеу рәсімі, Ыбырай Алтынсарин кесенесін жаңғырту, композитор Бақытжан Байқадамовтың 100 жылдығына арналған шаралар, I республикалық домбырашылар байқауы, Қалибек Деріпсалдин әндерін орындаушылардың республикалық байқауы, халықаралық дирижерлер форумын атап өтуге болады, – деді ол.

Форум барысында белгілі ақын Ақылбек Шаяхмет қаладағы Н.Островский атындағы кітапханаға Н.Наушабаевтың есімін беру туралы ұсынысты айтты. Басқарма басшысы бұл ұсынысты хаттамаға енгізіп, облыс әкіміне жеткізуге уәде етті.

Сондай-ақ, жақында "Қазақстанның сакралды географиясы" жобасына енген нысандарды жаңғырту және абаттандыру жұмыстары басталды. Оған 88,5 млн теңге жұмсалуы жоспарланған. Бүгінде киелі орындар тізіміне облыстан 10 жалпыұлттық маңызы бар, 19 жергілікті маңызы бар нысан енгізілді.

Жиында мәлім етілгендей, өткен аптада облыстық тарихи-өлкетану музейінде "Рухани жаңғыру" залы ашылды. Әйгілі Торғай мұражайлар кешенінің директоры Гүлбану Сәрсекей өлке тарихын тану жайында баяндама жасаса, Қостанай облысындағы кітапханалар қызметі туралы Л.Толстой атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапхананың директоры Дариха Дүйсебаева әңгімелеп берді. Оның айтуынша, жақында кітапханада Өлкетану әдебиеттерінің бөлімі өз жұмысын бастады.

Жалпы, "Рухани жаңғыру" бағдарламасы басталғалы қостанайлықтар туған жерін түлетуге 2 млрд 674 млн теңге қаржы бағыттаған. Қалталы азаматтар құйған қаражатқа еңселі ескерткіш, сәулетті кесене, саңғырлаған мәдениет үйлері бой көтерді. Олардың қаражатымен ауыл-аймақ абаттандырылып келеді. Солардың бірі – Сергей Блок осы форумда "Жыл меценаты" атанды. Бұған қоса, 12 мәдениет қызметкері Мәдениет және спорт министрлігінің грамотасымен марапатталса, облыс әкімінің грамотасы 10 адамға тапсырылды. Форум соңында облыстық "Рухани қазына" байқауының жеңімпаздары анықталды.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Абайлаңыз – алаяқ!

Жұматай КӘКІМЖАНОВ

"Отбасылық жағдайыма байланысты, жұмыс бабымен тез арада Ресейге көшіп кеттім. Сеніп қалдыратын адам болмағандықтан, арзан бағаға сатуға мәжбүрмін". Облыс орталығындағы сұранысы жоғары шағын аудандарда орналасқан пәтерлерді "Krisha.kz", "OLX.kz" сайттары арқылы нарықтан төмен бағамен сатып жатқандардың айтар уәжі осы. Тез арада қоныс аударғандар Қостанайдағы жаңадан тұрғызылған үйлердегі 3-4 бөлмелі пәтерлерін 7-8 миллион теңгеге беруге әзір. Ал бір бөлмелі қаңырап қалған пәтерлерін 2-3 миллион теңгеге сата салады.



"Бұл, не қылған батпан байлық" екенін анықтау мақсатында саудагерлердің бірімен байланысқа шыққан едім. Өзін Михаил деп таныстырған жігіт ағасы Ресейдегі Хабаровскіден жұмыс табыла кеткенін, содан Қазақстаннан кетуге мәжбүр болғанын жазды. Енді, Қостанайда қалған "мол мұрасын" ғаламтор арқылы сатудан басқа амалы қалмапты. Пәтерлердің барлығы да жабық. Көрсетер бір

адам жоқ. Егер, сатып алуға шын ынталы болсаңыз, Михаил келісілген уақытта келуге әзір. Тек, оны ақшаңыздың бар екеніне сендіре алсаңыз болғаны.

– Пәтерлерді ипотека, несиеге, бөліп төлеуге бере алмаймын. Екі ортада шапқылап жүретіндей менің уақытым жоқ. Жұмысым қауырт. Жаңа қызметімнен сұранып, бір күнге ғана келе аламын. Алаяқ деп ойлап қалмаңыз, мен сіздің ақшаңызды бірден алмаймын. Сіз мені ақшаңыздың бар екеніне сендіре алсаңыз болғаны – бірден ұшып келемін. Ол үшін "Юнистрим" немесе "Контакт" ақша аударым желілерінен шот ашып, тиісті бағаның тең жартысын маған емес (!) жолдасыңыз (жұбайыңыз), туған-туыстарыңыздың немесе сенімді адамыңыздың есеп-шотына аударып, түбіртегін менің "WhatsApp" нөміріме жіберіңіз, – деді ол. – Пәтерді көріп, келісім-шартты жасағаннан кейін, қалған ақшаны және туыстуғандарыңыздың атына жіберілген соманы менің есеп-шотыма ауыстырасыз. Транзакция (ақша аударылымы) жылдам жүргізілуі үшін туысыңызға аударылған ақшаны "алатын жері: Ресей" деп көрсетуді ұмытпаңыз. Сонда сіз де, мен де шетелдік ақша аударымына көп шығын жұмсап, уақыт жоғалтпайтын боламыз.

Михаил онсыз да уақыт жоғалтпайтын болып шықты. "Krisha.kz", "OLX.kz" сауда сайттарында ресейлік азаматтың жиырмадан астам пәтері сатылымға шығарылыпты. Барлығында да, жұмыс бабымен Хабаровскіге көшкенін, сенімді адамының жоқтығынан "бірер баспанасын" ғаламтор арқылы сатуға мәжбүр болғанын жазыпты. "Ақшаны қолына ұстатпаған соң, оған түсер пайда не?" деген сауал қоярсыз. Осы сауалды тиісті орындарға мен де қойдым.

– Аялақтардың арасында атын өзгертпейтін осы – Михаил ғана шығар. Бірнеше жылдан бері "осы әдісімен" жұмыс істеп келеді. Ол ақша аударымынан кейін берілетін түбіртектің көшірмесін жіберуді сұрайды. Ал, ол жерде шоттың шифрі жазылады. Сондай-ақ, ақша аударымы барысында, Сіз қаржыны "көрші мемлекеттен шешуге болады" деген белгі қоясыз. Осының негізінде, алаяқтар Сіздің немесе сіздің туыс-туған, досжарандарыңызға аударған ақшаны еш қиындықсыз сыпырып алады, – дейді банк қызметкерлері.

Былтырғы жылдың өзінде ғана пәтер алаяқтары 47 адамды 230 мың АҚШ долларына алдаған көрінеді. Кәсіби риэлторлардың уәжіне құлақ асар болсақ, көп жағдайда тұрғындардың өздері төмен бағаға қызығып, алаяқтардың арбауына түсіп жатады екен. Абырой болғанда талай жанды шырқыратқандардың дені құрықталып, темір торға жабылды. Қолды болған қаржы да қайтарылып жатыр. Ал, сыртқа кетіп жатқан қаржыны қайтару қиындау. Сондықтан да, тұрғындардың өздеріне сақ болған жөн дейді мамандар. Әсіресе, Михаилдан сақ болыңыздар!

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Тұрақты жарна – қамсыз өмір сүрудің кепілі

Қарлығаш ОСПАНОВА

Өңірлік коммуникация •ызметінде өткен брифингте БЖЗ• •останай облысты• филиалының директоры С.•озба•ова зейнета•ы жина•тарын •алыптастыру тәртібі, электронды түрде а•парат алу жолдары, базалы• зейнета•ыны тағайындау тәртібінің өзгеруі және бас•а да та•ырыптар бойынша жан-жа•ты әңгімелеп берді.

Бүгінде облыс тұрғындарының тоқсан пайыздан астамы зейнетақы қорының салымшылары болып есептеледі. Филиал директорының айтуынша, бүгінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында 529 мың қостанайлық салымшы бар екен. Онда 360 млн теңге көлемінде қаражат сақталған.

– Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін міндетті зейнетақы жарналары 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген. Оның көлемі жұмыскердің айлық табысының 10 пайызын құрайды. Ал, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген. Оның көлемі жұмыскердің айлық табысының 5 пайызын құрайды. Бұл жарналарды жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен еңбек жағдайлары зиянды деп саналатын жұмыстармен айналысатын жұмыскерлерінің пайдасына төлейді. Ерікті зейнетақы жарналарының мөлшері және төлеу тәртібі салымшы мен қордың өзара келісімі бойынша белгіленеді. Салымшы бұл жарналарды өз табысы есебінен төлейді және өз атына немесе үшінші бір тұлғаның атына аудара алады. Жалпы, зейнет жасында алатын зейнетақының мөлшері бүгінгі еңбеккердің өзіне тікелей байланысты. Зейнетақы жарналарын қорға тұрақты және қомақты мөлшерде аударып тұру – зейнет жасында қамсыз өмір сүрудің бірден-бір кепілі, – дейді филиал директоры Сәуле Қозбақова.

Бүгінде елімізде зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ететін бірегей мемлекеттік кепілдік моделі жұмыс істейді. Осыған орай, болашақ зейнеткерлерді зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігі мемлекет, жұмыс беруші және салымшы арасында оңтайлы үйлестірілген. Зейнетақы шотындағы жинақтар – салымшының меншігі және инфляцияны ескере отырып, оның нақты енгізілген мөлшерде сақталуына мемлекет кепілдік береді.

– "Қазақстанда зейнетақымен қамсыздандыру туралы" ҚР Заңының 5-бабына сәйкес, зейнетақы төлемдерін алу құқығы туындаған кезде алушының зейнетақы жинақтарының сомасы оның жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысқан бүкіл кезеңіндегі инфляцияны ескере отырып есептеледі және енгізілген зейнетақы жарналарының сомасымен салыстырылады. Егер зейнетақы жинақтарының табыстылығы инфляциядан төмен болса, мемлекет айырма сомасын өтейді. Айырма сомасы бір жолғы өтемақы ретінде төленеді. Оны "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы жүзеге асырады. Ал жұмыс берушілер салымшының зейнетақы шотына міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуға міндетті. Бұл ретте зейнетақы жарналарының толыққанды және дер кезінде аударылуын мемлекеттік кіріс органдары қадағалап отырады. Егер жұмыс беруші аталған жарналарды уақытылы аудармайтын болса, бұл сомаларды мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе жұмыс беруші оларды уәкілетті орган белгілеген қайта қаржыландырудың 1,25 еселенген ресми мөлшерлемесі мөлшерінде мерзімі өткен әр күн үшін есепке жазылған өсімпұлмен бірге жұмыскерлерінің пайдасына аударуға тиісті, – дейді С.Қозбақова.

Сондықтан, филиал мамандары азаматтарға өздерінің зейнетақы жинақтарының жай-күйін және жұмыс беруші аударатын жарналардың дер кезінде, тұрақты және толыққанды аударылуын жеке зейнетақы шотынан алынатын үзінді-көшірме арқылы бақылап отыруға кеңес береді. Ал, үзінді-көшірме алудың бірнеше тәсілі бар көрінеді. Мәселен, қор кеңесіне келіп алу, электрондық және дәстүрлі пошта байланысы, қордың сайты немесе "ENPF" ұялы қосымшасы, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен egov.kz порталы арқылы алуға болады.

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



Құрманғазы Нұрғабылов,
Екідің ауылының тұрғыны

Қия жолдар мен қиян жылдар сыр шертсе,
Төбедегі тұнық көк әлі аспан деп аталмаған кезінде,
Төмендегі құрған жер әлі ешқандай ат аталмаған кезінде...

Ә.КЕКІЛБАЕВ.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Ескіден қалған ЕКІДІҢ

(жолсапар очеркі)

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

...Елең-алаң мезгіл. Мамырдың мамыражай бір күні. Көлігіміз шығысты бетке алып зулап келеді. Қаладан шыққанда түн салқыны тарқамаған, дала әлі суық болатын, ал одан алыстаған сайын күн нұрланып, айналасын жылыта бастады. Көліктің әйнегімен шағылысып, тізгіндегі жүргізушіні де, қасындағы мені де алтын күн аймалап келеді. Бәлкім, бұл күйбең тірлік қалалықтың мойнына салған көзге көрінбейтін құрықтың ағытылғаны шығар... Не де болса, біз арқаны кеңге салып, жайбарақат бір күйге ендік.

Алыс сапарға шығарда адам баласы өзөзіне сыймай, сол күнді асыға күтіп, тағаты таусылады, әлде мен ғана солаймын ба, білмеймін. Ал журналистің "жортуы" бекер емес, оқырманға ұнамды дүние іздеп жүргенің. Сондықтан да әр сапар алды қобалжып hәм асығуым өзіме заңдылық сияқты көрінеді.

Асығатының – жұрт бұрын-соңды естімеген, өзге түгіл бар ғұмыры сонда өтіп жатқан көнекөз қария білмеген құпиясырды ашқың келеді. Ал, көңілің бір ауғанда, бұл ісің бекершілік пе деп аландайсың. Мына заманда адамзаттың аяғы тимеген, көзі көрмеген жер қалды ма? Әйтеуір, сапарың сәтті болғанын қалайсың.

Ұзақ жол артта қалғасын алыстан таутау болып үйілген Арқалықтың қызыл құмдары менмұндалады. Қостанай мен Қызылқозы арасындағы тас жолдан бұрылып, оңтүстікке қарай беттедік. Бағытымыз – Екідің ауылы. Жол да кедір-бұдыр бола бастады. Жылдамдығымыз да қарқынынан төмендеді.

Бұрын жолымыз түспеген жер еді, біздің келетінімізді естіген ауыл әкімі алдымыздан шығып, жөн сілтеп келеді. Бұл өлкенің бар қыр-сырын білетін жандар ғой – зулатып барады. Біз қанша қалмауға тырысқанымызбен, әкімнің көлігінің шаңына жете алмай, ой-қырларда бәсеңдеп қаламыз.

Ертеректе Екідің туралы көп естідік. Тарихи ескерткіштер мен батыр бабалардың мәңгі тыныс тапқан мекені. Одан қалды, біздің өлкеге жат келетін табиғаты бар дейтін жұрт. Расымен де солай, қыр баласына мұндағы төбе, тау-тас Эверестей көрінеді.

Ет пісірім уақытта, сәске таман жапандағы жалғыз үйге келіп аялдадық. Әуелде ауыл әкімі Дулат Болатұлы жолай ел-жер тарихын жақсы білетін бір кісіге соғамыз деп уәде еткен болатын. Алыс жолдан "болдырып" келген көліктер үй маңына тоқтағанда, шыбықты тал қылып мінген жүгірмектер қаумалай бастады. Кәдуілгі ауылдың көрінісі. Басындағы орамалын сипай түзеп жеңгелер жүр. Одан соң далаға қонақтарды қарсы алуға үй иесі шықты. Шамамен, алпысқа енді аяқ басқан кісі. Жас күнінде бойшаң, денелі болғаны байқалып тұр. Әлі де қайраты қайта қоймаған. Босағадан аттай бере дауысы гүргүр етті. Бізді күтіп отырғанын білдіріп, жол амандығын сұрай бастады. Есімі Құрманғазы Нұрғабылов екен.

Жәуке батыр кесенесі

Ішке ене сала дастархан басына жайғастық, үйдегі жеңгелердің бірі сапырып әкеліп қымыз ұсынды. Екпін басып, тағы да аман-саулық сұрасып, жөн біліскен соң Құрманғазы аға біз күткен әңгімелердің шетін шығара бастады.

– Кімге болсын өз туған жері ыстық. Бірақ біздің Екідіңнің жайы артық ауыз мақтаусыз-ақ белгілі. Қос өзеннің ортасынан орын тепкен бұл ауыл, әуелі тарихымен, содан кейін ауасымен ерекше. Мен жастайымнан ауыл ақсақалдарының қасында жүріп, көпті естідім. Талай әруақты кісілер болған, батырлар да, хандар да ат шалдырған мекен бұл. Жұрт жаппай айтып жүрген қос дің де осында. Ауылдың "Екідің" аталуы сол себептен. Діндер бұл өлкеде шамамен XIII-XIV ғасырдан бері бар, тіпті одан да ертерек болуы мүмкін. Әуелі академик Әлкей Марғұланның дерегіне сүйенсек, ерте темір дәуіріне жататын, Қазақстан аумағында сирек кездесетін "айтас" немесе "дің" деп аталатын киіз үй тәріздес бұл құрылыстар ежелде қасиетті салттарды орындауға арналған. Ал жергілікті аңыздар бойынша, XVII -XVIII ғасырларда діндер орналасқан төбелердің арасындағы алқапта қанды шайқас болған деседі. Жаугершілік заманында жау шапса, одан қалды, көш келе жатса, алдын ала белгі беру үшін салынған. Қауіп-қатер байқалса, қарауыл ішіне кіріп от салады, төбесіндегі саңылаудан түтін будақтап ауылға көрінетін болған. Міне, сол көненің көзі осы уақытқа дейін сақталып келе жатыр.

Ескерткіштердің бірі Қараторғай өзенінің сол жағасында, екіншісі төбе басында орналасқан. Ол алыстан көрінетіндіктен бағдар ретінде пайдаланылады. Елдің аты тек екі діңмен емес, мұнда өмір сүрген адамдармен де белгілі.

Ұлытаудан бермен қарай аралықтағы жерді Арғынның Төлек деген руы мекен еткен. Үш жүзге ерлігімен танылған атақты Жәуке батыр (1822-1904) сол рудан шығады. Ол Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы күрес басшыларының бірі болған. Жоғарыда хан ат шалдырған деп айтуым бекер емес. Сол Жәуке батыр жастайынан өр мінезді, намысқой, досына адал, дұшпанына қатал болған. 1838 жылы Жәуке батыр Ресей империясының отаршылдық саясаты мен озбырлығына қарсы қазақ ханы Кенесары Қасымовтың көтерілісіне қосылып, Ақмола бекінісін басып алуда ерекше көзге түскен. Жәуке батырдың басқаруымен әскери сарбаздары бекініске алғашқылардың бірі болып кіріпті. Кейіннен Ақтау, Ор бекіністерін басып алған. 1842 жылы Иман мен Жәуке батырлардың табандылығы мен сенімділігі арқасында Кенесары Қасымұлы Торғай жағалауында қыстап шығады. Кейіннен Кенесары ханның ордасы осы жерге көшіріледі.

Жәуке батыр Кенесары сарбаздарының отаршылдармен қақтығыстарында, Ресей үкіметінің жандайшабы Ахмет Жантөрин отрядына қарсы 1844 жылғы соғыста Ресей патшасының әскерлерімен бетпе-бет шайқасып, бірнеше рет күйрете соққы берген. Екатеринск стансасына шабуыл кезінде ерекше көзге түскен. Халық қамын ойлаған батыр қара қылды қақ жарған әділдігімен, ақыл-парасатымен де ел құрметіне бөленген. Белгілі тарихшы Ермұхан Бекмахановтың "Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі" атты зерттеуінде Жәуке батырдың есімі аталып, жазушы Ілияс Есенберлиннің "Көшпенділер" роман-трилогиясында, ақын Нұрхан Ахметбековтің "Қарға" дастанында Жәуке батырдың көркем тұлғасы анық көрсетіледі.

1994 жылы дәл осы жерде баhадүрдің 175 жылдығы аталып өтті. Одан кейін мазардың сыртын батырдың ұрпағы Сабыржан Ахметов деген азамат өз қаржысына қоршатып, ас берген еді.

Сол Жәукенің қасында сөзге шешен Шоң деген би жүрген. Ол 29 жыл би болған адам екен. Торғай даласында оны "Қаражорға" деп атайды. Одан тараған ұрпақ та осал болмады. Бірақ, тарихтың көмескі тұсында қалып кетті, әттең... Өкініштісі, ауыз толтырып айта алмаймыз, бізге жеткені осы ғана, – дейді Құрманғазы аға.

Біз ол кісінің әңгімесін бір үзбестен тыңдадық. Бұдан соң Құрманғазы ағамыз әңгімесін далада, ескерткіштердің маңында жалғастыратын болып, сонда жол жүрдік. Құба жазықтықта сәл қарауытып көрінетін жол. Бір белестен бір белеске

көтеріліп, көлік шайқалып келеді. Біз екі діңнің солтүстігіндегісіне жеттік. Арыда өзен ағып жатыр, аядай ғана ауыл көрінеді. Одан ары екінші дің мұнартады.

Иен далада бізді алдымен аптап аймалады. Күн ұлы сәскеге таяған болу керек, уақытқа қарамадым. Бір қолымда – фотоаппарат, бір қолымда – дауыс жазғыш құралым.

Діңнің сыртын айналсоқтап, тамашалап, ішіне ендім. Әр тұсын суретке түсіріп әлекпін. Қыш тастардан қалап салынған бұл ғажаптың әлі күнге дейін құламай, тік тұрғанына іштей таң қалып қоямын. Соңғы жылдары Жезқазғаннан экспедиция келіп, айналасын абаттандырып, жеңілжелпі жөндеу жұмыстарын жасаған екен. Әйтпесе, өзге жөндеу көрмеген, десек те дің мығым тұр.

Бұдан сәл асқан келесі қыраттың үстінде Жәуке батырға арналған белгі бар. Сол қыраттың астында, Қараторғайдың бойында батырдың мазары менмұндалайды. Қасында ұрпақтары жерленген. Одан ары батыр салдырған мешіт тұр. Бәрінбәрін суретке түсіріп, қол тигізіп көрген соң жерге молдас құра отыра кеттік. Құрманғазы аға әруақтарға Құран бағыштады.

Төңіректі тінтіп болған соң әкімнің соңынан еріп ауылға бастық. Көктемде тасыған өзен әлі тартыла қоймапты. Ат болмаса, темір тұлпардың бұл маңнан өтуі мүмкін емес. Өзеннің арғы бетіне қайықпен өтуге тура келді. Құрманғазы аға жағымды әңгімесін қайтып айта бастады.

– Негізі, Торғай өзені Сарыторғай, Қараторғай деген екі өзеннен бастау алады. Ал Сарыторғай Ұлытаудан басталады. Жолай Тамды, Жетіқыз, Құлболды, Хан шабылған, Қыналы, Жылан сияқты өзендер кеп құяды. Қараторғай өзені Жезқазғанның Арғын ата тауынан басталады. Оған да біраз өзен-көл келіп қосылады. Сол екі өзен Екідің жерінде түйісіп, ары қарай Торғай өзені болып кетеді. Бұл жер бұрын Сарыторғай деп аталған, Кеңес үкіметі кезінде әйгілі жылқы зауыты жұмыс істеген еді.

Бұл кезде біз өзеннен өтіп, ауылға келе жатыр едік.

– Мына жерде "Қыздың тамы" деген мола бар. Ертеде Жәукемен ағайынды Алғыс деген бай өмір сүрген. Сол өзіне деп үлкен қызыл там салдырады. Бірақ адамның емес, Тәңірдің дегені болады ғой, сол бүрмелі тамға өзінен бұрын, қызы жатыпты. Кейін Сәбит Мұқанов, Мұхамбетжан Қаратаев, Сырбай Мәуленов осы жаққа келген уақытында Сәбит ағамыз "менің Сұлушашым осы" деп, сол тамды көрсеткен екен. Бұл да бала күнімде ауыл ақсақалдарынан естігенім.

Бұл өлкенің кереметі мұнымен бітпек емес. Ұлытау ауданының аумағындағы Шеңбер ауылынан бері қарай 6 шақырым жерде Кейкінің үңгірі бар. Қараторғай өзенінің маңы тасты-таулы жер. Өзеннің екі жағы қия жартас, арнасы терең. Соның бойында үңгірлер көп. Мысалы, менің Салих деген атамның мекендеген үңгірі бар. Бірақ ең негізгісі – осы Кейкі батырдың үңгірі. Құландар тұрған жеріне байланысты Жеті қыздың Құланы және Тесікөткелдің Құланы болып екіге бөлінеді. Кейкі – Жеті қыздың құланы. Міне, алашапқын заманда сол үңгірге барып жасырынған. Бейбіт тұрмыста да қазақтар екінші қоныс ұстаған. Осыдан 4-5 жыл бұрын Елена Цвентух бастаған "Тургай – неизведанный край" деген экспедициясымен сол үңгірге бардық. Оның ар жағында Тамды өзенінің бойында Суреттас дейтін елді мекен бар. Сол жерде ескі заманда аңшылық, соғыс көріністері бейнеленген тастар қалған.

– Балам, бұл әруақты кісілер жатқан өлке. Әбдіғаппар хан, әріректе Қостам деп аталатын екі байдың мазары жатыр.

Қараторғай өзенінің бойындағы дің

Қызыл бүрмелі тамдар көп. Кейкі, Жәукені ел біледі, ал тек ел аузында жүрген қаншама тұлғалар кездеседі. Мына жақта Айғыржал деген тау бар. Қыпшақтың Қарақойлы руынан шыққан Есболған деген кісі өткен. Оның әкесі Бұқар қалмақтардан ығысып, сыр бойынан осы жаққа қоныс аударған. Сонда Досболған, Есболған деген екі баласы жаудың қолында қалады. 9 жастағы үлкен ұлы Досболған қашып келіп, 6 жастағы Есболған қалып қояды. Ертеде қазақ жоғалған адам 6 жыл ішінде табылмаса, өлдіге санап, ас беретін болған. Міне, сол Есболғаннан үміт үзген әкесі жұртты жинап, ас береді. Дәл сол кезде 12 жастағы Есболған қалмақтың ханының атын мініп, әкесіне жеткен. Есболған осы уақыт бойы ханның атына бой үйретіп, иісін сіңдіріп, бұқпантайлап ханның киімін киіп, елге қашып отырған. Кейін сол Есболған батыр атанады, айтқаны дәл келетін аузы дуалы адам болған дейді. Тегін адам 12 жасында ханнан басқа ешкім жоламайтын аттың бабын тауып, қалмаққа сіңісіп, аман-есен елге орала ма? Шау тартқан шағында балаларына өсиет қылып, өзін Айғыржалдың басына жерлеуді тапсырады. Ол тау Сарыторғайдан 35 шақырым жерде. Таң елең-алаңда тұрып қарасаң, осы төңірек алақандағындай көрінеді. Қасиет қонған кісілер ғой, ауыл адамдары басына барып тәу ететін. Жылқыға жаман, қойға топалаң тисе, басына барып мал сойып, ырымын жасаса, бүкіл ауру пышақ кескендей тыйылады екен. Ел арасында ондай әңгімелер көп, әлі күнге дейін басына барып түнейтін кісілер бар.

Осы кезде әңгімеге ауыл әкімі Дулат та араласты. Оның айтуынша, Есболған бабамыздың әруағының шапағаты ол кісінің әулетіне де тиген екен.

– Менің Бейсен деген атама ұрпақ тұрмаған екен. Сосын әжемізбен екеуі жаңағы кісінің басына барып мал сойып, түнейді. Содан көп ұзамай менің әкем Болат дүниеге келген. Ал сол Болаттан қазір 11 баламыз. Мен екінші баламын. Бұл, міне, бұлтартпайтын айғақ, – деп, ізетпен әңгіменің тізгінін Құрманғазы ағаға ұсынғандай ишара жасады.

– Тағы бір мысал келтіре кетейін, – деді Құрманғазы аға. – Сол Есболған атамыздың тікелей ұрпағы Мәжит деген кісі болды. Менің туған нағашым. Соның Елтай деген баласы бар, Алматыда инженер-механик бітірген. Кейін жақсы қызметтерде жұмыс істеді. Қазір Арқалықта тұрады. Міне, сол кісінің әйелі қатты сырқаттанды. Бармаған дәрігері қалмады. Қанша амал жасағанымен, ем қонбады. Болмағасын көлігіне қойды тиеп, су толы ыдысты салып, әйелін көтеріп мінгізіп алып, Айғыржалға жол тартады. Елтай өзі аңқылдақ адам. Таудың етегіне келгенде әкесі Мәжит ақсақал сол жерге тоқта деп пәрмен береді. Бірақ Елекең "әке, тағы да жақындайық" деп тоқтамай өте шығады, ал ана кісінің мінезі тұйық екен. Содан екіншілей үндемей отыра береді. Көлік тауға жақындап келіп тоқтайды. Содан Елтай әйеліне де қарамай арттағы қойды алып шығып, бауыздап, енді жуайын десе ыдыста су жоқ дейді. Үйден толтырып алып шыққанын жақсы біледі. Әкесіне қарайды таңданып. Сонда Мәжит ағамыз: "Не дейсің? Атаңның саған істеп жатқаны. Әріректе Саба деген өзен бар, содан су алып кел", – деп жұмсаған. Алып-ұрып жетіп барса, айдында да жоқ. Бұл ешқандай аңыз, ертегі емес, қарағым, беріректе болған оқиға. Сол адамдардың өз ауыздарымен айтқан әңгімесі. Сосын Мәжит атамыз Құран оқиды. Мана айтқанымдай, Елтай өзі аңқылдақ адам, Мәжит атамыз мүлдем қарамаған, көлікке көтеріп салған әйелі түсіп, өз аяғымен жүріп жүр екен. Келінге сөйтіп шипа қонды. Сонда Елтай әйеліне қарап: "Ей, сен нағып жүрсің? Жатсай барып!" – деп ұрысатын көрінеді. Манадан су іздеп жүріп байқамаған ғой... Әйтеуір, сол келіні аяғына тұрып кетті. Кейін екі ұлды дүниеге әкелді. Міне, осындай кісілер өткен жер бұл, – деп сөзін түйді аға.

Төңірекке тағы бір назар саламын. Бір белестен бір белес, одан арыға көз жүгіртсең, көк пен жер шектесіп жатқан көкжиек. Әр төбеде оба, мазарлар, дің мен ескерткіштер көзге ілінеді. Баһадүрдің белбеуіндей созылып жатқан қос өзен, қос өзен әлгі бір тұста қосылып, батысқа қарай созылып жатыр.

Мен табиғатқа тамсанып тұрғанымда күн батып, шам жағар уақ болған екен. Әләзір жол көрініп тұрғанда бізге іргедегі қалаға жету керек. Мына ғажап даланы, құймақұлақ Құрманғазы ағаны да қимаймын. Дархан дала менен әлі талай құпияны бұғып жатқандай, анау төбелердің астында тылсым бардай. Бәрін ашып-көріп, естіп-білмейінше құмарым қанбайтындай бір. Бірақ...

Кейде өлкенің өткені туралы тарихшылар болжамынан гөрі ауылдың қарапайым азаматынан естіген артық сияқты...

Алтын күн айналасы қызарып барады екен... Көп созбай қоштасып, жолға шықтық. Көз ұшында қыраттар қарайып барып жоғалды.

Суреттерді түсірген автор.

Жәуке батыр мазары



Діңнің ішкі көрінісі

2-айналым, 1-жұп

Облыстық мәдениет басқармасы мен облыстық "Қостанай таңы" газетінің бірлескен жобасы – "Ел мерейі – Елорда" жазба айтысының 2-айналымы басталды. 4 айға ұласқан сөз тартысының бастапқы кезеңінде өңірдің әр түкпірінен 16 ақын өнер көрсеткен еді. Әділ қазылар айтыскерлердің 10 үздігін іріктеп алды. Оза шапқан озаттар қайта жұпталып, өлең бәсекесіне қайтадан түскелі отыр. Олай болса, екінші кезеңнің алғашқы жұбына зер салайық. Олар – торғайлық тарлан Байбатыр Ахметбеков пен арқалықтық өрен Еркінғазы Айтбаев.

Байбатыр:

"Бейбіт күннің бақыт құсын
ұшырғандар,
Жиреніп жамандықты ысырғандар,
Қасиетті айында Рамазанның,
Отыз күн ораза ұстап, ысылғандар.
Әр күн сайын ғибадат қып Жаратқанға,
Өмірдің тәтті дәмін тұщынғандар.
Жер бетінде жасасын – тілегім сол –
Ханифа масхабынан шошынбаңдар.
Аллаға тәубе қылып, садақаны
Жетім мен жесірлерге ұсынғандар.
Исі жұпар Ислам діні барда,
Басқа қонған бақытты ұшырмаңдар.
Жаратушы құлдың халін кемсітпейді,
Сыйынып, табынуға қымсынбаңдар.
Пайғамбардың үмбеті – мына біздер,
Еш нәрседен тарығып, қысылмаңдар.
Ассалаумағалейкум, о баракату,
Діні берік, түбі түркі мұсылмандар.

Астана – сұлу шаһар жер бетінде,
Ешбір қала тең келмес келбетіне.
Дәл бүгін тілге ерік бергенен соң,
Ал ендеше жырлайын тербетіле.
Алматыдан енші алған сұлу қала,
Жарады мейман келіп төрлетуге.
Есілдің жағасынан бой көтеріп,
Аққу-қаз қайта қонды көл бетіне.
Алып шаһар атанып 20 жылда,
Қоныстанды жайғасып ел бекіне.
Пирамида, Ханшатыр, Бәйтерегі,
Ерекше сән беріп тұр өң-бетіне.
Жас та болса танылған бар әлемге,
Астанаға тілекті сен де тіле.

Тәуелсізбін өзгеге жүк артпаған,
Сондықтан мен бүгін бір сыр ақтарам.
Жетпіс жыл бодан болып жүрсек дағы,
Қазақпыз намыс туын құлатпаған.
Біреудің несібесін бұйымтайлап
Алатын аярлықты ұнатпағам.
26 жыл тарихы бар Тәуелсіздік,
Биіктерге жасады бір-ақ қадам.
Әлемдік деңгейге де көтеріліп,
Сүрінбей өтті, сірә, сынақтардан.
Қазақпыз рухы биік қашаннан да,
Елімнің еркіндігі қымбат маған.
Пейілі кең қазақпыз, нар тұлғалы,
Жетім мен жесірлерін жылатпаған.

Жоқ еді өзіңменен сөз таласым,
Айрықша өзгермейді көзқарасым.
"Рухани жаңғыру" ұран болды,
Еркінғазы, сөз түсінер бозбаласың.
Сатқаннан қалған байлық түгесіліп,
Жер-ана жетімсіреп боздамасын.
Қоғамның кемшін тұсын айта отыр,
Ағайын бере жатар өз бағасын.

Еркінғазы:

Бұл айтыс басталған ед "Астанадан",
Болмайын енді айтыстан қашқан адам.
Қасиетті Рамазан айы жетті,
Құр қалмайық сауапты бастамадан.
Сондықтан ниет ет те, ораза тұт,
1 күнге өлмейді ғой аштан адам.
Жамағат боп жиналған Алла үйі –
Нұрланып, нұрлы жүзін шашқан алаң.
1 айға толып тұрған берекеде,
Ағайын, жатыр қанша басқада мән.
Толассыз ниет етіп 4 аптада,
Жүрегін жамандықпен ластамаған.
30 күн – кешірімнің айы емес пе,
Жан болмас бұл сөзімді қостамаған.
Не жетсін осы күнде оразаңды,
Ағайын-туыспенен ашқан аман.
Ассалаумағалейкум, мұсылмандар,
Қолдарынан құманын тастамаған.

Сұлулықтың символын құлатпаған,
Астанам, гүл қаласың, құр отпаған.
Енші алып Алматыдай асқақ төрден,
Ерке Есілдің бойында тұрақтаған.
Қыз бейнелі көркі сұлу шаһар,
Мен өзіңе жырыммен сыр ақтарам.
Сүйген қалам сен едің, сүйікті ордам,
Барған сайын өзіңе гүл ап барам.
Біле білсең, мен сені сағынғандай,
Ғашықтар да сағынбас жырақтаған.
Астанам, дәл өзіңді сүйгенімдей,
Ешқашан ешбір қызды ұнатпағам.

Сөйлейсіз, ақын ағам, ұлылардай,
Сабырлы болып жүрген күні барма-ай.
"Айтысты бастайық" деп қайта-қайта,
Хабарлама жазады дымы қалмай.
Сіз секілді бос жүрген ұл емеспін,
Бауырыңды сөкпеші біліп алмай.
Студенттің өмірі белгілі ғой,
Бірі болмай қалады, бірі барда-ай.
Шәй құйып, киім жинар әйелім жоқ,
Уақытымды үнемдеп, сыр ұғардай.
"Қоғамның кемшіл тұсын айт" дедіңіз,
Кемшіліктің бітетін түрі бардай.
Сіз өзі әлеуметтік желілерде,
Інілерді сөгесіз іліп алмай.
Бір кемшін тұсымызды көріп қалып,
Сынап-сынап тастайтын құны бардай.
Қоғамның да кемшін тұсын өзіңнен көп
Білетін басқалардың бірі барма-ай.
Ал, ендеше, өзіңіз паш етіңіз,
Жылап-жылап алайық, күліп алмай.
Әлде ініңді тығырыққа тіреймін деп,
Айласын асыратын түрі барма-ай.
Қалқаныңды сайлаған дұрыс болар,
Қылыштың өткірлігін біліп алмай.

Байбатыр:

Астанаға арна дедім тілегіңді,
Неге сонша мұң шалды жүрегіңді?
Долы қыздай шап беріп сен ағаңа,
Өзгертіп жібердің ғой ірегіңді.
Жарытып сен ештеңе айтпадың-ау,
Құр босқа түрдің бе екен білегіңді.
Балалық мінезіңде шалалық бар,
Құм қылып жасыттың-ау жігеріңді.
Кеңестік дәуір бізге қайта келсе,
Айтпай-ақ жырлар едің Кремльді.

Бермеді деп ағамыз маған тыным,
Бастадың-ау өзің кеп жаман ырым.
Сөз бастаудан қорықсаң, Еркінғазы,
Несіне ақын болып жаратылдың?
Хабарлама жазды деп ренжиді,
Сәл қатайтып өзінше бала түрін.
"Сіз секілді бос жүрген жоқпын" дейді,
Біресе аш, біресе тоқпын дейді.
Студенттік өмірін алға тартып,
Мендегі қызу, қызыл шоқты үрлейді.
"Шәй құйып, киім жинар жарым жоқ"
деп,
Өз-өзін мынау інім көп күндейді.
Әйел алсаң біреу саған қой деді ме?
Болмаса, атан өгіз сой деді ме?
Ар жағында сөзің өтпей аруларға,
Малшынып жүрсің, сірә, бой теріңе.
Өзіңдегі кемшілікті бізден іздеп,
Сасқан үйрек секілді жүзгенің бе?
Бар қызықтан қалатын түрің бар ғой,
Осылай қалғып-шұлғып жүргеніңде.
Түлкібұлаң заманда тым болмаса,
Түнемелік төбеттей үрмедің бе?

Ақиқат айта алмаса еріме сын,
Еркінғазы, тартпай жатып керілесің.
Сен өзі айтысқа емес, ұрысысуға
Берекесі бар адамдай көрінесің.
Қоғамдағы жағдайды ысыра сап,
Қара бастың қамын айтып егілесің.
Неше рет сені сынға алып едім,
Төзетін түрің жоқ-ау ебіме шын.
Үйіңде жатып алып аласұрып,
Қытығы бар қулықтай тебінесің.
Байқалмайды қылыштай өткірлігің,
Әлеуметтік желіде жоқ тірлігім.
"Қалқаныңды сайла" деп кеңес бердің,
Тіреп өзің тұрғандай көкті бүгін.
Өр кеудемді өзіңе тосар болсам,
Төбесі де көрінбес шоқтығыңның.

Қоғамда кемшілік көп таспаланған,
Мұны түзеу басталсын қасқалардан.
Сонда ғана ана тіл теңдік алып,
Биік тұрар орыс пен басқалардан.
Діннің жайын айтармын тіл жеткенше,
Сондықтан мен ешкімнен
жасқана алман.
Жат ағымның жетегінде жүрген
жандар,
Қор болып жанарларын жасқа малған.
"Шаһит болам" деп жүрген ұлдарымыз,
Бой тасалап шықпайды тас қамалдан.
Тәнін сатқан қыздарың арланбайды,
Керісінше, масайрайды масқарадан.
Барар жері – түнгі клуб, сырахана,
Көрініс көп бір-бірін бопсалаған.
Осы дерттен айығар ем бар ма екен?
Ал, ендеше, сұрайын жас баладан.
Бойыңа жимапсың-ау ірілікті,
Бұл інім арзан ойға үңіліпті.
Өз-өзін жариялап, пияр жасап,
Жаңбыр жаумай етегі бүлініпті.
"Алаштың баласы" деп айдар тағып,
Абайсыз қалтарыста сүрініпті.
Еркінғазы Айтбаев атой салып,
Жалғандықтың жағымсыз сырын ұқты.
Саяттай боламын деп сарай ақын,
Серттесіп өз алдына ырым қыпты.
Тектілікті үйренсең Балтасардан,
Еріксіз баурап алар жырың жұртты.
Төркінін танымаған қыздай болып,
Арзандап бара жатыр құның тіпті.
Жетегіме еретін түрің жоқ қой,
Сәл босатсам қолдағы мұрындықты.

Еркінғазы:

Бұл ағам жақсылыққа баламайды,
Сын айтып, жүрегімді жаралайды.
Сыннан көз ашпай келем, біле білсең,
Барлығы дәл өзіндей қаралайды.
Пияр деп ойласаңыз өз еркіңіз,
Жақсы хабар дәл олай тарамайды.
Жалған хабар таратып, қастық қылған,
Ондайларды Алла өзі жазалайды.
Саяттай саят құрып жүр дедіңіз,
Үлгі қып алар десем дара Абайды.
Әркімнің өз биігі болмайды ма,
Ініңіз дайын асты жаламайды.
Жаза берем, әлі де жаза берем,
Жақсы өлеңім жол тауып аралайды.
Жақсысын ала жатар ішіндегі,
Әр адам бағалайды, саралайды.
Қоғамның кемшін тұсын тізбектейді,
Өзінің кемшін тұсын қарамайды.
Өсем деген ініннің бетін қағып,
Аяғынан тартқаның жарамайды.
Қайта, қолдап-қорғайма деп отырсам,
Жұрт көзінше інісін табалайды.
Өзім арқа сүйейтін ағалар-ай,
Бауырларын бауыр деп санамайды.
Сын айтудан алдына жан салмайды,
Сұрасаң, айтар ақыл таба алмайды.
Не өздері еш жерден көрінбейді,
Не өзгенің шыққанын қаламайды.

Малшынып дейсің бе, аға, терлейді ғой,
Дегендей қызға ыңғайы келмейді ғой.
Түнемелік төбеттей деп қояды,
Төбет те ас бермесең ермейді ғой.
Оған қоса, қарапайым студентпін,
Соны айтсам, біраз адам сенбейді ғой.
Мен ертең-ақ үйленіп кетер едім,
Маған әзір кредит бермейді ғой.

Мұңайам, санамды уайым бөлегенде,
Сол мұңды жазар болсаң, бөлек емде.
"Қызға сөзің өтпей жүр" дедіңіз ғой,
Бұйырған бір қыз болар жеребемде.
Ерте үйленіп қайтемін, айтшы, аға,
Үйленермін ел-жұртым елегенде.
Әйтпесе қазір ерте отау құрып,
Сыйыспай жатыр жастар енемен де.
Балалықпен қосылған ақылсыздар,
Шалалықпен шу қылар керегеңде.
Көк жәшіктен бай іздер қазақ қызын,
Көргенде нең қалды уайым жемегенде?
Қоғамның кемшін тұсы осы емес пе,
Оны ойласаң, қашады делебең де.
"Қалаулымда" шарқ ұрып жүрген
жоқ па,
Қыз Жібегі сөз салып Төлегенге.

Ал осының айтайын бастамасын,
Сөзімді ағам жерге тастамасын.
Бұл қоғамда үй-күйсіз жүргендер көп,
Әлі күнге ала алмай баспанасын.
Жұмысбасты боп кетті ата-аналар,
Деп "балам елден кейін, аш қалмасын".
Балаға қарайтын да уақыты жоқ,

ЕЛ МЕРЕЙІ – АСТАНА

2-айналым, 1-жұп

Хабарласып желімен басқарасың.
Әкелері үйге келсе футбол қарап,
Жас аналар жөндейді асханасын.
Содан кейін уақытын сәнге арнап,
Бетіңе батпан бояу маска аласың.
Телефонның ішіне кіріп кеткен,
Балаға сөз айтудан жасқанасың.
Ата-анадан тәрбие алмай өскен,
Бұл жастардан табасың басқа да сын.
Үлкеннің бетінен ап, сөз бермейді,
Кішінің шығарады масқарасын.
Барлығы осындайдан басталады,
Бұлармен сөз талассаң, аш қаласың.
Дейтұғын "жұртты сыйлап өс,
қарағым",
Баланың мұқалтпаған еш талабын,
Қыздарын ибалы қып бой жеткізіп,
Ер жеткенше ұлға шытпай еш қабағын,
Тәрбиесін беретін тал бесіктен,
Ертеңін бүгін ойлап бес баланың,
Балаларын дәретсіз емізбеген,
Кешегі аналарды еске аламын.

Ініңіз ақ көңілін көл еткенде,
Ағажан, басқаны айтып бөлектенбе.
Одан да Торғайымды жырға бөле,
Не табасың ініңді жер еткенде?
Мен жақында Торғайға барған едім,
Жол шұңқыры тереңдеу шелектен де.
Жол азабын көп кешкен жерлестерің,
Ақын деп үміт күтер сен өткенде.
Елдің мұңын айтатын сіз емес пе,
Жұртыңды аш қып, құр өзің
қоректенбе.
Жұрт айтқан батыр ақын едіңіз ғой,
Сөйлеңіз елің сеніп, ер еткенде.
Әй, бірақ қабаған боп көрінбей ме,
Үй жанында байлаулы төбеттер де.

Байбатыр:

Бұл өзі түсініксіз боп барады,
Бала едің, жоқ емес нақ талабы.
"Жүректі жараладың" деп айтасың,
Әуелі ажыратпай ақ-қараны.
Ағаңды беттен алған сен емес пе,
Кикілжіннен құрап ап бастаманы?
Енді келіп "сүттен ақ, судан таза",
Біздерге итере сап масқараны.
Пиярлығың осыдан белгілі ғой,
Қалайша жазалайын жас баланы?
Абайдай болу арман-тілегі екен,
Кімге ұқсау керектігін біледі екен.
Дайын асқа тік қасық болмаған жөн,
Бұл сөзіңе келісем, ере кетем.
Шыққаныңды қалаймын биігіңе,
Елің үміт күтеді сенен ертең.

Үлкендерге құрметпен қарай білгін,
Жетпесе ақылыңды тереңдетем.
Ізгіліктің жолын білмес сендейлерге,
Әлі де көп іздену керек екен.

Дер кезің осы емес пе айға қонар,
Кеңесіме құлақ түр пайда болар.
Шайнап берген асты да жұта алмадың,
Сүйек-саяқ секілді сайда қалар.
Пешенеңе бұйырсын ақылды әйел,
Ал қалғанын содан соң сайлап алар.
Кредиттің қазақшасы несие ғой,
Сен сөйдесең, ана тіл қайдан оңар.

"Қалаулым" ұран болды, ылаң болды,
Білімсіз ішке кірер жылан болды.
Уайымың күшті екен үдеп тұрған,
Көрсеткен кім болды екен бұған
жолды?
Қыз Жібегі сөз салса Төлегенге,
Махаббаттың айналғаны өлерменге.
Сөздеріннің түсініксіз кейбір жері,
Қолқа салып отырғандай көрерменге.
Алды күні сұрағам қоғам жайлы,
Бүгін түсіп жатсың ба төмен жерге.

Кешегі ана жайлы еске алыпсың,
Ақиқатын қоғамның бетке алып шын.
"Жұртты сыйлап өс, қарағым"
деп отырсың,
Өзіңе тиер сөзді текке алыпсың.
Бұрынғының қыздары бұрымды ару,
Ұрпағы солар еді текті алыптың.
Бүгінгі ұрпақ тал бесікті көрмей өскен,
Шабағы секілденіп итбалықтың.
Ол кездегі бала саны он болатын,
Ырыздық несібесі мол болатын.
Дәретсіз емізбеген нәрестесін,
Мейірімі аналардың зор болатын.
Ал бүгінде көбейіп көкек-ана,
Түйткілге айналды бұл толғанатын.
Заманнан ба, білмейсің, адамнан ба,
Тәрбиенің түрі жоқ жөнді оңатын.

Торғайдың жолын айтып торығыпсың,
Алыс жолдың қадірін зор ұғыпсың.
Жол шұңқырлы болмаса, сәнсіз болар,
Жүргізуші адамға да мәнсіз болар.
Себебі тегіс жолда қалғып кетсе,
Абайсыз аударылып, жансыз қалар.
Тереңдікті шелекпен теңепсің ғой,
Өлшем бірлік жайында зерексің ғой.
Алда-жалда Торғайға жол салынса,
Есеп-қисап жағына керексің ғой.
Байлаулы ит қабаған боп көрінер деп,
Күмәнділеу оймен бізді елепсің ғой.
Талай жерде айтқанмын мәселе қып,
Ақын едім қозғамас себепсіз ой.
Елім-жұртым тоқ болса, менде тоқпын.
Мен өмірге тойынуға келген жоқпын.
Мұңын айтам елімнің, зарын айтам,
Намысты қолдан әлі берген жоқпын.

Дін жайлы айт деп едім, ескермедің,
Сөзімді бастан-аяқ тексермедің.
Бойыңдағы бар кінәні маған жауып,
Бауырыңды кең жазып, дес бермедің.
Ал ендеше айтайын құлақ түргін,
Кім кепіл келмесіне сынақ бір күн.
Бұл дүниенің қамын ойлап
жүргендерге,
О дүние бере ме екен жұмақ кілтін?!

Дін Ислам – діңгегім,
Мен Алланың құлымын.
Мұхаммедтің үмметі,
Діндар елдің ұлымын.
Ханифаның мазхабын
Ұстанғанның бірімін.
Исламнан безінген
Дінсіздерден ірімін.
Абайдың жөні бір бөлек,
Мұқағалидың жырымын.
Құраннан алып қуатты,
Ілмеген көздің шырымын.
Құдайын білмес жандардың
Қара бұлт төнген күнімін.
Бұлақтай мөлдір дінімнің
Сүзіп іштім тұнығын.
Пендешілік жат ағым,
Ұнатпаймын қылығын.
Бес парызым мойнымда,
Кесілсе де тұлымым.
Аллаһтан басқа тәңір жоқ,
Шапағаты мол нұрының.
Сәждеге исең басыңды,
Нұрланар шаттық өмірің.
Қайырымды іс жаса,
Намазда болсын көңілің.
Зекет берсең Алла үшін,
Аласың сонда алғысын.
Бойыңда болса намысың,
Ораза ұста шын ұйып,
О дүниенің қамы үшін.
Мәдина мен Меккеде,
Құдіреттің бары шын.
Иланыңыз именбей,
Сауапты болар әрі ісің.
Қажылық қыл ғұмырда,
Жамағаттың бәрі үшін.
Арайланар таңымыз,
Азан менен әр атқан.
Осы айтқан сөзімді,
Әр пенденің бойына,
Нәсіп етсін Жаратқан.

Ағасын Еркінғазы жатсынбасын,
Жақсылықты жырлаудан жақ
тынбасын.
Өмірде жолың болып, айналайын,
Осы деп бағалай біл бақтың басын.
Аман болсақ кездесерміз сахнада,
Шытынап сағың сенің нақ сынбасын.
Жасасын Қостанайдың қарт газеті,
Осы жерден тартайын аттын басын.

Еркінғазы:

Ақын – ел қажетіне жарау керек,
Шындықтың қабырғасын қалау керек.
"Орысшалап жаздың" деп назын айтты,
Ағамыз елді ойлаған жан-ау, демек.
"Пияр" деп сен де орысша
жазыпсың ғой,
Бұны да осал тұсқа балау керек.
Біреуден мін іздемей, кір іздемей,
Ағамыз өз жыртығын жамау керек.
Біреуге ақыл айтпас бұрын адам,
Алдымен өз-өзіне қарау керек.

Ағам едің адалдан жеген асын,
Бұл Еркін мақтамасын неге ағасын?
Бәйге көрсең, тыпыршып
тұлпардайын,
Шапқанда төрт тұяқты тең аласың.
Құрметті азаматтың біреуі едің,
Атағың кезіп жүр ғой ел арасын.
Осы күні Торғайдың бас ақыны,
Деген, рас, ағасы, шен аласың.
Бас ақын дегеніме масаттанба,
Сөзіме деп ойлаймын сене аласың.
Торғайда сенен басқа ақын жоқ қой –
Бас ақын болмағанда не боласың?

Кемшілікті айта бердің мұнарланып,
Мен де айтуға отқам жоқ құмарланып.
Қасиетті айында Рамазанның,
Айтпауға тырысып ем мың алданып.
Әйтпесе, діннен безген дінсіздер көп,
Дін мен тілі барады шұбарланып.
Осы айда тілектер қабыл болып,
Кемшіліктер кетпесін сыңарланып.
"Ханифа" деп айтасың қайта-қайта,
Мазхабыңнан отқам жоқ күмәнданып.
Бұйырса, сахнада жолығармыз,
Жұлдызымыз жарқ етіп шығар жанып.
Иншалла, амандықпен қауышайық,
Түзу жолға түсейік Құранды алып.
Ағайын тіл мен дінді қастерлесең,
Төбеңде бақ жұлдызың тұрар жанып.

ДЕНСАУЛЫҚ

ЖИТС құрбандарын еске алды

Қарлығаш ОСПАНОВА

Жыл сайын мамыр айының үшінші жексенбісінде ЖИТС құрбандарын еске алу күні аталып өтеді. Осыған орай, орталық саябақта облыстық денсаулық сақтау басқармасы, қалалық әкімдік пен облыстық СПИД-ке қарсы күрес орталығының ұйымдастыруымен арнайы шара өтті. Мұнда келушілер тегін медициналық тексерістен өтіп, аз ғана уақыттың ішінде сараптама қорытындысын білуге мүмкіндік алды. Акцияны өткізудегі басты мақсат – әлем жұртшылығының назарын ВИЧ немесе СПИД-тің алдын алуға аудару, адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырғандарды әлеуметтік қорғау.

Статистикаға жүгінсек, өңірде екі мыңға жуық адам АИТВ инфекциясымен, жүз он жеті адам ЖИТС бойынша тіркеуге алынған. Сондай-ақ, облыста ауру көрсеткіші бойынша Қостанай, Рудный, Лисаков қалалары мен Қарабалық, Қостанай аудандары алдыңғы қатарда тұрған көрінеді.

Жалпы, орталық мамандары мұндай акцияларды жиі ұйымдастырып тұрады. Ондағы мақсат – өңірде АИТВ вирусының алдын алу. Акцияға қатысқандар орталық мамандарының көмегімен АИТВ-ға тестілеуден өтіп қана қойған жоқ, қан қысымын өлшетіп, тегін дәрігерлік кеңес алды. Сондай-ақ, акция барысында мамандар дерт жайлы, оның алдын алу туралы жазылған тегін үнпарақтар да таратты.

ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

Жасұлан – үздік командир



Елбасының: "Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар. Ол – тәуелсіз Қазақстан",– деген сөзі бүгінде Қазақстан Қарулы Күштерінің негізгі темірқазығына айналған. Өз Отанын, елін мақтаныш етіп, жерін қорғауды парызым деп білген әскери қызметшілер бүгінгі таңда мемлекетке, қоғамға қалтқысыз қызмет етіп, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда да қажырлылық танытып келеді.

Біздің кейіпкеріміз Жасұлан Мұсабаев аудан орталығындағы Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектебінің түлегі. Бала кезінен-ақ әскери қызметкер болуды армандапты. Балалық арманын жүзеге асыру мақсатында алғашында 9-сыныптан кейін Қарағандыдағы жас ұландар мектебіне түседі. Бірақ оны тастап, қайтадан туған мектебіне келіп оқуын жалғастырады. Мұңайып жүрген шәкіртін сол кезде алғашқы әскери дайындық сабағының мұғалімі Тоқбаев Самат Болатұлы 11-сыныптан кейін де "Әскери оқуға баруыңа болады, еңсең түспесін, қайтсең де қалаған мақсатыңа жетесің" – деп қолдау көрсетеді. Ұстазының осы сөзі Жасұланды одан әрі жігерлендіріп, арманына бір табан жақын екенін сезеді.

Жас талап 2011 жылы орта мектепті 4 пен 5-ке аяқтап, Алматыдағы құрлық әскерлерінің әскери институтының әуе-десанты әскерлері және әскери барлау бөліміне құжатын тапсырады. Жолы болған Жасұлан курсант атанады. Оған түсу де оңайға соқпайды. Өйткені, білімді болуымен қатар, талапкердің денсаулығы да қатаң сынақтан өтеді.

Жасұлан жоғары оқу орнын 2015 жылы үздік бітіріп, Елбасы Н.Назарбаевтың қолынан қызыл диплом мен лейтенант шенін алады. Жас маман "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылығының қарамағына өтіп, 03811 барлау әскери бөліміне топ командирі лауазымына тағайындалады. Институт қабырғасында алған білімін қажетіне жаратуға білек сыбана кіріскен жас офицер аз уақыттың ішінде үздік қызметімен дараланып үлгереді. Міне, осыдан бастап әскери қызметкер болудың ауыр жүгін сезіне бастайды.

Жасұлан өткен жылы "Әскери барлау үздігі" атты халықаралық жарысқа қатысып, жүлделі үшінші орынға ие болды. Сондай-ақ, өткен жылдың желтоқсан айында Қытайдың таулы аймағында өткен жарыста үздік, мықты және ең кәсіби деген атаққа ие болу үшін өзге елдердің командаларымен бақ сынасты. Бірнеше кезеңнен өтіп, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар дегендей, қарсыластарын артқа тастап бірінші жеңіс тұғырына көтеріліп, "Әскери барлау үздігі" атанып, сондай-ақ үздік командир атағына лайықты болды. Ал, үстіміздегі жылдың ақпан айында Қытай еліне бес айлық курсқа барып келді. Қытайдан келгеннен кейін мерзімінен бұрын аға лейтенант шені беріледі. Осы сәуір айында әскери қолбасшының бұйрығымен арнайы мақсаттағы барлау ротасының командирі болып тағайындалды.

2017 жылдың 22 қазанында Ж.Мұсабаев өзіне жүктелген міндетті кәсіпқойлықпен атқара білгені үшін Алматыда құрлық әскерилері қорғаныс министрінің орынбасары мен бас штаб бастығының, әскери бөлім командирінің, өңірлік басқарма бастығының Мақтау грамоталарымен марапатталды. Жасұлан Алданышұлы болашағын әскери мамандықсыз елестете алмайды. Оның мақсаты – Қазақстан елін көркейтуге өз үлесін қосу.

– Ең бастысы, әскер – үлкен тәрбие мектебі. Мұнда тәртіпке, төзімділікке, шыдамдылыққа үйренесің. Өмірге деген көзқарасың да өзгереді. Ешқандай қиындығы жоқ. Бұл күндері жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Мектеп түлектерін әскери оқуға шақырамын. Әскери білім алудың тағы бір ерекшелігі, оны тәмамдап шыққандар жұмыссыз қалмайды, – дейді Ж.Мұсабаев.

Жұмакүл СЫЗДЫҚОВА.

Әулиекөл ауданы.

Жеңімпаз анықталды

Астана қаласының 20 жылдығы және Жанкелдин ауданының 90 жылдығына орай Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жастар лигасы "Жайдарман" көңілді тапқырлар ойынының ақтық бәсекесі өтіп, жеңімпаз командалар анықталды. Ақтық сайысқа жолдама алған командалар аудандық мәдениет үйінде өнер көрсетті. Алдыңғы ойындарға қарағанда жастардың бұл жолғы ізденістері ауыз толтырып айтарлықтай. Әсіресе, Шеген ауылының намысын қорғаған команда "Аманкелді ұрпақтары" көрермендердің көңілінен шықты. Жалпы командалардың дайындығы, әзілдерді орнымен қолданулары, әртістік қабілеттері сараланып, қазылар алқасының шешімімен "Ыбырай star" командасы ойын кубогын ұтып алып, "Жыл жеңімпазы" атанды. 1-орынды "Аманкелді ұрпақтары" иеленді. 2-орынды "Шоқан шоу" командасы місе тұтты. Ал, жүлделі 3-орынға "Иванов шәкірттері" табан тіреді. "Нұр Отан" партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғабит Сүндетбаев, аудан әкімінің орынбасары Бақытжан Торбаев жоғары дәрежеде өткен ойын жайында өздерінің пікірлерін білдіріп, жеңімпаз командаларға "Сертификат" және ақшалай сыйлықтар табыстады.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.

Бизнеске – студенттік шақтан

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Рудный индустриялық институтының базасында Еуразиялық Топтың бастамасымен қолға алынған "Студенттік кәсіпкерліктің экожүйесі" жобасының қатысушыларына арналған ойындар топтамасы басталды.

Институттың 100-ге тарта студенті топ-топқа бөлініп, "Project Day" және "Кемел Кәсіпкер" чемпионаттарында өздерінің қызықты идеяларын ортаға салды.

Бірінші ойын жоба құрастырумен байланысты. Тапсырманы орындау үшін әр командаға 4 сағат уақыт беріледі. Чемпионаттың ережесі бойынша ұсынылған жобалардың барлығы коммерциялық сипатта болуы тиіс. Жастар өз идеясының мәні мен мазмұнын, жүзеге асыру қадамдарын, қоғам үшін маңыздылығын 5 минуттық таныстырылымға сыйдыру шарт.

Жарыстың екінші күнінде командалар белгілі бір бизнес-кейстің шешімін іздестіріп, тапқырлықтарын танытпақ.

Чемпионаттың қорытындысы бойынша ең үздік жеңімпаз студенттер "Summer Boot Camp" жазғы оқыту лагеріне жолдама алып, өз жобаларын жүзеге асыру үшін ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Қостанай АҚШАМЫ

Жұма
№75
25 мамыр
2018 ж.

www.kostanaytany.kz kostanaytany@mail.ru

«Қостанай таңының» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы

Өткен шақта саяхат

Музейге әдеттен тыс уақытта баруға мүмкіндік беретін «Музей түні» мәдени-білім беру акциясы әлемнің 150 елінде өткізіледі. Бұл шара облыстық тарихи-өлкетану музейінің де дәстүріне айналған.

Халықаралық музей кеңесінің Консультативтік комитеті биыл музей күнінің басты тақырыбын «Музей гиперкоммуникация дәуірінде: жаңа тәсілдеме, жаңа аудитория» деп таңдады. Ал қостанайлық мұражай «Музей түні – 2018» акциясын «Рухани жаңғыру» атты жаңа экспозициялық залдың ашылуынан басталды. Одан кейін, «Қала жұмбақтары» атты тарихи квестке қатысушылар экспозиция залдары, музейдің жертөлесі және ішкі ауласы мен жақын орналасқан сәулеттік ескерткіш ғимараттары бойынша тартымды саяхатқа қатысты.

Бұл ерекше түнде балалар мен ересектер «Үй иесінде қонақта», және «Бабалар шеберханасындағы» тас ғасырының аңшыларымен «жүздесті». Музей қонақтары киіз үйге кіріп, қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы көптеген қызықты деректермен танысып, ыстық бауырсақтан ауыз тиіп, көне ұлттық ойындарға да қатысты. Сондай-ақ музей қорындағы «Құпияны сәйкестендіру» атты интерактивті көрмені тамашалап, өздерін музейдің қор сақтаушысы кейпін сомдап, жаңа түсімдерді анықтады. Музейдің Айболит дәрігері экзотикалық және үй жәндіктерін күту туралы кеңестер берді.

Би марафоны, жанданған картиналар мен тірі мүсіндер, «Қазақ тұлпары» ЖШС-нің аласа аттары көрермендер ықыласын жаулады. Көпшілік «Темір түмен» тарихи қайта құру клубының Қостанай бөлімшесі мүшелерімен тілдесіп, алау басындағы дәстүрлі әндерге қанығып, музей «трактирінен» ыстық шай ішіп, ата-әжелердің ақ батасын алды.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Бүгінгі санда:

Тәңір жазасы

13-бет

Баймағамбет әулие

15-бет

Менің сүйікті ұстаздарым

17-бет

Кейкі батыр музейі ашылды

18-бет

Баспасөз – 2018

«Қостанай таңы» — сенің газетің!

Оған 2018 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады.

«Қостанай таңы» газетіне жазылу бағасы:

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:

6 айға – 3200 теңге.

– жеке оқырмандарға:

6 айға – 2400 теңге.

– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

6 айға – 2250 теңге.

Қостанай, Арқалық, Рудный, Лисаков қалалары бойынша газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54613.

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54614.

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54615.

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін –54683.

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54684.

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54685.

«Қостанай таңы» газетіне «Қазпошта» бөлімшелерінде және аймақтық «Костанайские новости» газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыздар.

42 жылдан кейін жарыққа шыққан ән

Белгілі ақын, драматург, әнші, сазгер Бәкір Тәжібаев 1976 жылы Қостанай өңіріне келіп, Әулиекөл ауданының Қазанбасы елді мекенінде бірнеше күн аялдапты. Қазанбасы кеңшарының сол кездегі директоры, бүгінгі ел ақсақалы Мырзағали қажы Ғабдуллиннің шаңырағында болып, өзінің және халық әндері мен халық композиторларының біраз шығармаларын орындаған екен. Ол әндерді Мырзағали ағамыз таспаға жазып алып, бүгінге дейін сақтап келеді.

Бір қызығы, сол туындылардың арасында 1976 жылы шығарған «Қостанай» әні де бар. Бұл әннің ол заманда жарқ етіп жария болмауының себебі де жоқ емес. Шығарма арасында Ыбырай бабамызбен қатар, атақты механизатор, Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Дөненбаеваның да есімі аталады. Әрине,сол кездегі әдеп бойынша тірі адамның аты аталғасын, ән де кең тарай қоймаған болуы керек.

Бәкір Тәжібаевтың домбырамен өзі сүйемелдеп орындаған «Қостанай» әнін газет сайтынан http://kostanaytany.kz/archives/62174 сілтеме арқылы тыңдай аласыздар. Ал назарыңызға өлеңнің мәтінін ұсынбақпыз, қадірлі оқырман!

КОСТАНАЙ

Әні мен сөзі Бәкір Тәжібаевтікі

Мені дағы толқытқан тұлғаң сенің,
Жырдан ба еді шұғылаң, нұрдан ба еді?
Меңдіқара – атағы мәлім болған,
Ыбырай мен Кәмшаттың туған жері.

Қайырмасы
Паһ, шіркін!
Дәні – теңіз шалқыған,
Гүлі жұпар аңқыған,
Көлінде аққу қалқыған,
Қостанайдың даласы.
Даңқы шыққан аймақтан,
Еңбек күйін қайнатқан,
Жерін гүлдей жайнатқан,
Қостанайдың даласы!

Қостанайдың аймағын қарағайлы,
Тобыл өзен толықсып аралайды.
Қыс думаны қызғанда Науырзымның,
Ән әуелеп жатады дала жайлы.

Қайырмасы
Жағасында жас құрақ желбіреген,
Жеті көлін көргенде – мөлдірегем.
Сұлулығын жеткізер, о, дариға,
Өзіндей боп туа ма өндір өлең!

Қайырмасы
Паһ, шіркін!
Дәні – теңіз шалқыған,
Гүлі жұпар аңқыған,
Көлінде аққу қалқыған,
Қостанайдың даңқын-ай!
Еңбек күйін қайнатқан,
Бұлбұл бағын жайнатқан,
Ақындарын сайратқан,
Қостанайдың халқы – бай!

Нұрхан ақынға арнау

Көрнекті ақын, Қазақстанның халық ақыны Нұрхан Ахметбектовтің туғанына биыл 115 жыл толып отыр. Жамиғаты – ақын, табиғаты – жәннат өлкеде ат жалын тартып мініп, өлеңге ет-жүрегі елжірей ғашық болған Нұрхан ақын көркемсөзді кемеліне келтіре кестеледі. Нұрхан қаршадайынан өлең шығарып, ән салып жүртқа ерте танылды. «Қарға», «Есім Сері», «Қаһарлы заман», «Таңатқан палуан», «Торғайдан сәлем», «Амангелді» дастаны үлкен шығармаға айналды. «Жасауыл қырғыны» дастаны үшін республиканың «Абай» атындағы мемлекеттік сыйлығы халық ақындары арасында бірінші болып Нұрекеңе берілді.

Біз ол кезде Әулиекөлде тұратынбыз. Әкем Әлмұхамбет Оспанұлы мешітте имам еді. Бір күні әкем: «Нұрхан деген ақын бүгін ұшақпен Торғайға ұшып өтеді, сол ағаңды қарсы алуға барамыз, сәлем бересің», – деді. Сөйтіп, екеуміз әуежайдың басында ұшақтан күтіп алдық. Әкем Нұрхан ағаймен құшақтаса кетті, мен де сәлем беріп жатырмын. Бір кезде әкем мені таныстырып еді, Нұрекең басымнан сипап: «Атаңа тартсаң, жақсы азамат боларсың», – деді. Менің мерейім өсіп, қуанып қалдым. Шамалыдан кейін ұшақ Торғай жақты бетке алып, ұшып кетті. Үйге келген соң, әкем қағаздарын ақтарып, маған оқуға газет қиындысын берді. Оқып отырсам, әкемнің Нұрекеңді құттықтап шығарған өлеңі екен:

Ардақты халық ақыны Нұрхан інім,
Базары мәжілістің дархан інім.
Ағалық жолыменен жоба сызып,
Құттықтау, құрмет, сыйлық жазған мұным.

Хат жаздым, Нұрхан, саған, қостап, інім,
Балалық дәуірінен бастап, інім.
Тайыңнан тарландармен тайталасқан,
Кетпейін тарихыңды тастап, інім.

Ас пен той мүше тістеп астан, інім,
Тұлпардың ізін тайдан басқан інім.
Кембағал, кедей ұлы болғандықтан,
Көп көрдің кедергіні жастан, інім.

Кермесін көр заманның көрмегенде,
Бәйгені алмас па едің бастан, інім.
Дәуірде күнің туған гүлдей жайнап,
Шығардың түрлі кеңес дастан, інім.

Теңеліп, тең заманда теңдік алып,
Таймай тұр тағаң тау мен тастан, інім.
Тұлпардай тұяғынан дүбір шығып,
Дабылың астанаға асқан інім.

Тайыңнан қалыспадың аттан, інім,
Бір аймақ оза шаптың топтан, інім.
Атақты ақындармен айтысуға,
Ат мініп, бата алдың халықтан, інім.

Қостанай облысының еңбекшілері,
Тілектес болды саған арттан, інім.
Қосылып астанада ұлы тойда,
Бәйге алдың айқын озып, ат-тон, інім.

Өлшеулі әрбір сөздің артығы жоқ,
Оқыдым баспасөзде хаттан, інім.
Арнаған ақ жүректен шашуыма,
Қабыл ет құтты сөзді қарттан, інім.
Атақты ақындармен айтысуға,
Барыңды бойға жинап баптан, інім.

Мәңгілік Қазақстан мол байлығын,
Өндіріс өркендеген кен байлығын,
Жаңалық әдебиет салтанатын,
Ұғып ал, жүрегіңе жаттап, інім.

Егістік – еркін қоныс, жер байлығың,
Еңбекші ұйымдасқан ел байлығын,
Қалдырмай Қазақстан қазынасын,
Мадақтап Москваға, мақтан, інім.

Қазақтың әдебиет, тіл байлығын,
Ән мен күй, сауық, өлең-жыр байлығын,
Баяндап ұлы елдің бақшасында,
Бұлбұлдай сайра, түрлі баптан, інім.

Сұлтанғали ОСПАНОВ.
Қостанай қаласы.

Тілекші ата

(Науырзым ауданындағы Түркебай әулие атындағы мешітте 15 жылдай имам болып қызмет атқарған, 91 жасқа қараған шағында дүниеден озған Кәкімбек Бектемісұлының рухына)

Бір жыл, міне, өзің жоқ, елің аман,
Өмір – өзен, тоқтаусыз зымыраған.
Жоқтығыңа сене алмай жүрмін әлі,
Жаңа тысқа шыққандай көңіл алаң.

Шүкір, артта ұрпақ бар, өсер, жетер,
Елін бағып, өлкесін өркендетер.
Әттең, бірақ көз көрген біздер үшін,
Өзіңізсіз еткен іс кемдік етер.

Тәңірі үйген төбедей ақылға ие,
Жүк қалдырмас жолында атан түйе.
Бала шіркін өзіндей қайдан болсын,
Не қиынды тарқатар жүйе-жүйе.

Кім өтпеді жалғанды жалпақ басып,
Біреулер кем, біреулер шалқып-тасып.
Әрбір жүйрік өзінше көсілгенде,
Қысылмаушы ең ешқашан асып-сасып.

Адал қызмет жасадың Кеңеске де,
Тартынбадың, таймадың не десе де.
Қолға алған қызметті қате қылмай,
Орындадың жеткізіп мәресіне.

Қай істе де үлгі боп замандасқа,
Үздік еңбек, терең ой, амал басқа.

Тақадай қып тап-таза орындаушы ең,
Сол іс үшін туғандай әуел баста.

Зоотехник, ветдәрігер, директорлық,
Шегінбедің кездессе нендей тірлік.
Талап еттің ортадан әрқашанда,
Адал еңбек, ақ жүрек, бекем бірлік.

Тілекші боп жастарға бата беріп,
Өнеріңе болсын деп ақыл серік.
Риза болып жыр қылып айтушы едің,
Титтей ісін ел үшін еткен көріп.

Сол мінездер мырзалық, мәрттік еді,
Елді өзіне ұйытып тартып еді.
Имам, аға, батагөй, қамқор ата,
Жанашырлық ықылас артық еді.

Иманды еткей Құдірет, алдын жарық!
Кәусарына жұмақтың мейірің қанып.
Біреулерге көңілім толмағанда,
Көз алдыма бейнең кеп тұрары анық.

Мен көргем жоқ билерді кешегі өткен,
Сөздеріне ризамын естіп көптен.
Өзіңді де солардан кем көрмеуші ем,
Енді іздеп таппаспын жер мен көктен…

Темір ТІЛЕМІСҰЛЫ.

ТӘҢІР ЖАЗАСЫ

Бұл жолғы таяғы тым қатты тиді. Есінен танып қалыпты. Қанша уақыт өткені белгісіз. Біреу басын сүйеп, аузына су тамызып отырғанын сезді. Күп болып ісіп кеткен бет-аузы қызып барады. Көзі жұмылып қалған. Сығырайған сызаттан шып-шып шыққан көз жасы ыстық бетін шоқтай күйдіріп кетті. Құлағына Шұға кемпірдің зарлы даусы еміс-еміс жетті.

– Обалыңа қалдым-ау, сорлы-ай... Обалыңа қалатын болдым-ау, мен бейбақ...

Бұрыш бұл сөздерді естуін естігенмен байыбына барып, ештеңе ұғып жатқан жоқ. Тек қатты соққының салдарынан бүкіл тұла бойын ауырсынып, үздік-создық ыңыранып қояды. Шұға бір беймазалау кемпір еді. Бұрыш ыңыранған сайын орнынан бір тұрып, бір отырып, жанашыр дауыспен:

– Қасқа-ай, қарау ит аямады ғой, қайтейін... Менің не әлім бар? Сені арашалаймын деп, өзім таяқ жеп қалдым, – деп білегін қарына дейін түріпіп, қара талақ боп кеткен етін көрсетіп қояды. Оны көріп жатқан Бұрыш жоқ. Кемпір аузы тынбай сөйлеп жүріп, әлсін-әлсін Бұрыштың аузына су тамызып, маңдайына сулы шүберек басады.

– І-і-ім...і-і-ім... – дегеннен басқа дыбыс шығара алмай жатқан Бұрыштың қасынан ұзап кетпесе де, ара-арасында түрулі есіктен еңкейіп қалған күнге сығырая қарап:

– Ана сұм енді келер деймісің? Сенің қимылдай алмай жатқаныңды көріп кетті. Мені қойға жіберуге тағы беті жоқ, – деп, өзінен-өзі тынышсыздана қарсы беттегі жатаған төбеге қарап қояды. Көзі анық жетпесе де, есік алдындағы ойпаңда қыбыр еткен жан иесі жоқ екенін байқайды. Бір уыс шандыр бетін бүрістіріп, шүртиген ернін жыбыр-жыбыр еткізе, қысыңқы көздерін одан сайын сықсита түседі.

* * *

Бұрышты соққыға жыққан соңғы күйеуі Қарабек болатын. Кемпірдің сөзі рас еді. Қарабек қарау адам болып шықты.

Былтыр күзекте осы үш үй қоңсы қонған. Бұрыш – әскердің жесірі. Өзі баласыз, салт келіншек. Жұбайы Бердалы майданға кірісімен қаза тауыпты. Бұрыш алғашқы қатармен қарақағаз алды. Отасқанына жыл толып үлгермеген үлпершектей жас келіншек қара жамылып қалды. «Елге келген селебе» – соғыс уағы. Жұмыссыз қарап отыруға болмайды. Бұрыш та жұрт қатарлы малға шыққан. Жалғыз ұлын майданға аттандырғалы бір үйде қара басы шошайып қалған Шұға кемпір, Бұрыш және бір аяғын оққа ұшырып қайтқан Қарабек үшеуі бір қос болған. Үш жан бір отар қойға ие.

Қарабек – әйелі өліп, отқа қарап қалған соқа басты еркек. Өзін ел мінезсіз, қатал десетін. Соғыстың алдында ғана қосылған жас келіншегі былтыр жазда екеуден-екеу мал бағып отырғанда екі-үш күн ауырып қайтыпты. Жердің шалғайлығын, елдің шашырап жайлауға шығып кеткенін сылтауратып Қарабек әйелін жалғыз жерлепті. Осы хабардан соң ел арасына: «Дәу де болса, Қарабек әйелін өзі өлтірді-ау. Қаныпезер, қарау ғой. Жап-жас, дені сау әйел аяқ астынан өле қалатындай не бола қойсын», – деген секілді алып-қашпа қауесет тарап кеткен. Пыш-пыш әңгіме құлақтарына тигенмен анығына көздері жетпегесін әйелдің ағайын-туысы қуынбады. Қарабек әйелінің жұмбақ өлімі жабулы қазан күйінде қалды. Қаңқу сөз біраз бықсып басылған. Сонымен не керек, үш мұңлық қос болып қойға шыққан. Үшеуінің үш бөлек шатпасы бар. Қойға кезек қарайды. Шұға кемпірдің қыңқыл-сыңқылы көп. Сондықтан көбіне ас-су қамымен от басында қалатын. Қарабек түрткі болды ма, әлде өз пікірі ме, Шұға кемпір көп ұзамай Бұрыштың құлағын сарсытып:

– Қарағым-ау, басың жас, Құдайдан үмітің бар емес пе? Мына жігіт те қарасыз отыр. Етегінен ұста. Қанша мінезсіз дегенмен, саған қорлық берер деймісің? – деп ақыл айта бастаған. – Қарабекке тисең, бір басыңды бағар. Күнде қой соңында жүресің. Түндігің мезгілімен ашылмайды. Отың уақытымен жағылмайды. Ала сүргінге түсіп қашанғы жүресің? Азаматқа арқа таңсаң, қолың жұмыстан босар, – дейтін.

Қамқор қарияның жанашыр сөзіне ылығып, Бұрыш ақырында Қарабекпен көңіл қосқан.

Бұрын Қарабекпен сыр мінез емес еді. Қараулығы расқа шықты. Бұрыштың қолын жылы суға малмақ түгіл, әйелінің мойнына бар шаруашылықты артып тастап, ана ауыл, мына ауылды аралап, атқа мініп, ел адақтап кететінді шығарды. Жаз бойы сайран салып Қарабек жүрсе, ұшқанда қарға жоқ құла дүзде жалаң аяқ жар кешіп, мал соңында жүрген Бұрыштың күйі кетті. Беті-қолы күскүс, табаны тілік-тілік болып азып-тозды. Қасындағы қарасы Шұға кемпір.

Күз түсе қой ауылдарды ауданнан өкіл шығып аралап, есеп ала бастағанда бір-ақ оралған Қарабек бірнеше бас тоқты-торымды ит-құс тартып, зая қылғанын білген. Әне-міне санақ жүруге тиіс. Мал саны кем шықса, бас кететін заман. Бар ашуын Бұрыштан алған Қарабек әйелін жазықсыз таяққа жыққан.

Сол жатқаннан бірнеше күн қыбыр ете алмай жатқан Бұрыш қыс түскенше оңала алмады. Көз алды көлкілдеп, бүйрегі солқылдап ауырумен жүрді. Тұруынан жатуы көп. Жақын жерде емші жоқ. Амалсыздан ілбіп жүріп жатты. Сұңғақ денесі бүгіліп, еңкіш тартты. Білектей бұрымнан бір уыс қыл қалды. Жарқыраған нұрлы жанары солғын тартты. Көз алды көгістеніп, суланып, іріңдей беретін болды. Бүйрек бетінің қаны қашып, өңі қуқыл тартып, жүдей берді. Ақша жүзі қара қотырланып кетті. Бірер жыл бұрын көрген құрбылары танымай қалып: «Мына Бұрыш не боп кеткен, байғұс-ау. Танымай қалдық қой» – десіп, таңырқап жүрді. Бетіне айтпағанмен, сырттай: «Ана қарау қор қылды-ау, есіл келіншекті» – дейтін жұрт.

Қарабек тоңмойын қалпынан айныған жоқ. Бұрыштың көрер көзге күн санап күтімсіз гүлдей солып бара жатқаны миына кіріп те шықпады. Соққыға жығылған күзден соң, Бұрыш сал-сүзек аурудан айығып кете алмаған. Сүйретіліп жүріп, сол соққының зардабынан келер күзге жетпей қайтыс болды.

Бұрыш өлгесін Шұға кемпір «көзім көрмейдіні» желеу қылып, қайта елге қосылған.

Қарабектен ел қаралай сескенетін болды. Сөз салған әйелдері ер-азаматтың аздығына қарамастан бастарын алып қашты. Барымталап алуға баяғының заманы емес. Өкімет бар, заң күшінде. Қарабек содан қайтып үйленбеді. Шолақ аяғымен шоқаңдап жүріп, малшылардың жүн-жұрқасын жинады. Соғыс біткесін аудан орталығынан жертөле қазып кірген. Ел шетінде отырғаны болмаса, ешкіммен араласпайтын. Бұрыш өлімінің тірі куәсі Шұға кемпір баласы соғыстан аман оралған соң, бақи ауған. Күнәсіз әйелдің өліміне тікелей себепші болған қара жүрек Қарабек айып-құнсыз ел ішінде елеусіздеу күн кешіп жатқан. Әйтсе де, жазықсыз жанның жастай солуына айыпты жан Тәңірі жазасынан құтылмады.

* * *

Қаңтардың қаһарына мініп, қақап тұрған кезі еді. Қарабек ауданнан шалғайдағы бөлімшені бетке алып жолға шыққан. Желкесінен біреу түрткендей, таңның атуын тықырши тосқан Қарабек ала-көбеңнен атқа қонған. Ойы: түскі шайды сондағы бір жамағайынның үйінен ішу. Соңғы кезде өзі үйінен безе жөнелуге даяр тұратын. Көзі ілінсе, қайдағы бір ұялы қасқырлар қамап, берекесін қашыратын. Азу тісі ақсиған, ақ шулан қасқыр екі көзі оттай жанып өзіне тап-тап береді. Қызыл көз қасқыр дегені, кейін Бұрышқа айналып, ақ көйлегін шұбатып алдынан шыға келеді. Жалт бергенше болмайды. Жолын кес-кестеп тұра қалады да, атының шаужайына жармасады. Бұл жандәрмен қамшы сілтеп, қашып құтылмақ болғанмен, шашы дудыраған ақ көйлекті әйел соңынан қалмай қояды. Ақыры ақ тер, көк тері шығып, айқайлап жібергенде, азапқа салған ауыр түстен әзер оянады. Кеш қарайса болды, жертөленің бұрыш-бұрышынан көлбеңдеп ерең-серең көлеңкелер бой көтереді. Жан біткендей жыбырлап жүре бастайды. Сол жанды көлеңкенің бірі Бұрыш болып елестеп, үрейін алса, екіншісі алдыңғы әйелі Ақұштап болып, үшіншісі Шұға кемпір болып зәресін ұшырады. Сөйтіп, Қарабек қара көлеңке үйге шам жарығымен қоса пайда болатын өз көлеңкесінен өзі шошитын беймағлұм мінез тапқан.

Түні бойы ішін тартып, долдана ұлып шыққан боран таң ата саябырсып, күн көзінен қымсынғандай сап басылған. Қарагер атының басын еркіне қоя берген Қарабек қарлы даламен ілбіп барады. Түнімен тағы үйірлі қасқырмен айқасып, қалжырап, қалғып келе жатқан. Көптен бергі жалғыз серігі қарагер жолдан жаңылар емес. Бағыты – бөктердегі бес-алты үй бөлімше. Қарабек оқтын-оқтын ұйытқы көтеріліп жатқан жаяу борасынға мән бермеді. Әлгінде ғана тұп-тұйық болып тына қалған боз даланың бір пұшпағын біреу әдейі сілкіп қалғандай бұрқ етіп, қайта басылатын ұйытқыма жел барған сайын күшейе түскен. Енді жалпақ жонның бір шалғайынан төбеден беймәлім қарулы қол шиыра ұстай, түгел көтере қаққылағандай қопарыла бораған қарлы дауыл тұтаса түрегелген. Әне-міне дегенше, қарагер мінген жалғыз жүргіншіні алай-дүлей ақ боран боз шапанының етегіне орап алған. Ұшы-қиыры жоқ аппақ әлемге аттылы адам араласып кете барды. Дүлей табиғат әлсіз пенденің Тәңірі алдындағы дәрменсіздігін тағы да есіне салғысы келген.

Қарабек қара тонының жағасына қысқа мойнын бұғына түскен сайын тоңазы бастаған денесін түгел діріл жайлап алған. Жан-жағына алақтап, алағыза берді. Ақ түтек боранның қорқынышы аздай, құлағына құмыға ұлыған бөрі үні жеткенде, жаны мұрнының ұшына келген. Суыққа домбығып, қызарып үсінген саусақтарымен қазақы ердің қасын қыса берген. Ісініп кеткен қалың қабағының, астынан болар-болмас сығырайған жіпсік жанары сулана берген соң, көзін тарс жұмып алды. Сыңар аяғымен үзеңгісін қанша тебінсе де, тақымы ыңғайына көнер емес. Бөрі шуылы елес пе деп еді. Енді дәл желке тұсынан естілді. Азынаған долы боранмен қосыла шулайды. Айнала торуылдап, топтала ұлиды. Амалы құрып, айласы таусылған Қарабек «айтақтап», айқайға басты. Ат та үркіп, ұшып кетердей дірдектеп келеді. Ақ дауыл алды-артын абайлатар емес. Айтақтай-айтақтай даусы қарлығып, қатты болдырған Қарабек ат жалына жабысып жата кетті. Осы кезде әбден әлсіреген ат қарлы бораннан қаймығып, қалт тұрып қалған. Үстіндегі иесі де қимылсыз.

Бұлар ұялы қасқырдың қамауында қалып еді. Бір мезетте ағылып кеп ат үстінен ауыз салған арланның құлақ түбінен шыққан ырылы Қарабектің қорқау жүрегін жарып жіберген. Қарагер қатты тулап, қасқыр қоршауын бұзып шыққан. Әп-сәтте боз түтекке сіңіп жоғалды. Ат бір оқыраңдана оп-оңай ұшып түскен иесін ұялы қасқыр талауға кіріскен. Соңғы рет жарық дүниеге жанарын ашқанда Қарабек өз алқымына қанжарлай тістерін қадап жатқан ақ қасқырды емес, көзі шоқтай жанған ашулы Бұрышты көрді.

Жаз шыға жоқ қараған малшының бірі Қарабектің қаңқасын бір қиырдағы Бұрыштың бейітінің жанынан тапты.

Қарагер ат боран басылғасын ауылға аман оралған.

Үміт ЖӘЛЕКЕ.

СИҚЫР ДА БІР ӨНЕР

Төрехан қалай сиқыршы атанды?

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз өз ортасына сиқыршы ретінде танылып жүрген – Төрехан Жұманов. Жас жігітті бұл өнерге өмірдің өзі әкелген екен. Ол сиқыр өнерін меңгеруді ерте жастан бастапты. Бүгінде Төрехан деген есіммен танымал болған өнерпаз Қостанай қаласында туып, өскен.

– Он алты жасымда алғаш рет сиқыр туралы шоу көріп, бұл өнер мені өзіне тартты. Сөйтіп, әрі-бері ойлана келе елімізде кенжелеу дамыған осы бір өнердің түрімен айналысуды жөн көрдім. Содан кейін сиқыр туралы мәліметтермен қанығып, іздене бастадым. Әр ғасырда өмір сүрген сиқыршылардың еңбектерімен таныстым. Мысалы, XX ғасырда күллі әлемді таңқалдырған американдық сиқыршы Дэвид Корперфильд, XIX ғасырда Гари Гудини, XVIII ғасырда қытайлық сиқыршы Фу Син Е, XVI ғасырда норвегиялық Мэттью Бучингер тәрізді сиқыршылардың өмірі мен шығармашылық жолын, кітаптарын оқуға ден қоя бастадым. Сиқыр өнері Вавилон елінен бастау алған. Одан әрі Қытайда, Батыста жақсы дамыған. Қызығушылықпен өнер туралы бейнероликтермен танысып көрдім. Сиқырдың даму тарихымен, оның ішінде түрлі мектептерімен таныстым. Суреттерін салдым, схемаларын сыздым. Түрлі нұсқаларды жасадым. Бұл істі бастағанымда менде сиқыр туралы ешқандай ақпарат болған жоқ. Біреуден сұрасаң ешкім айтпайды. Ұстаз да, үйрете қоятын адам да жоқ. Содан біраз мағлұматтар алған соң, сиқырды өз бетімше үйреніп, меңгеріп алуға болады екен ғой

Жер бетінде сиқыр өнері қанша ғасыр өмір сүрсе, сонша ғасыр адамдарды таңқалдырумен, тамсандырумен келеді. Сиқырдың (фокус) сырын білу, оның жұмбақ тұстарына бойлау қарапайым халық үшін әрі қызық, әрі құпиясы ашылмайтын тылсым дүниедей әсер береді. Ал, қарапайым қазақ баласының осындай өнермен айналысуы біз үшін қызық дүние болды.

деген ой келді. Жүрегімді тыңдасам, жасай алатын сияқтымын. Жолым болатындай сезілді. Менің бағыма қарай жақсы адамдар кездесті. Солар менің өнерімнің өрлеуіне, дамуына ықпал етті, жолымды ашты, – дейді Төрехан.

Еңбек пен ниет болса болғаны

Оның пікірінше, сиқыр өнерін үйренуге туа бітті таланттың



қажеті жоқ. Он саусағың, зеректігің, ықыласың мен ниетің болса болғаны. Оның қыр-сырын, тәсілдерін үйреніп алуға болады. "Қазір ғаламторда сиқырдың көптеген құпияларын үйрететін видео жазбалар бар. Оны да үйреніп алуға болады. Бірақ бәрібір білім керек, яғни сиқыр туралы көп біліп, еңбектенген жөн", – бұл сиқыршының өнер тәжірибесінен тағылым алып, көңілге түйген пікірі.

Төрехан алғаш сахналық нөмірлерін той-томалақтарда көрсетіп жүріпті. Уақыт өте келе түрлі шараларға, концерттерге шақырту алған. Шығармашылық еңбекке, үлкен ізденістерге қызу кірісіп кеткен ол мейрамханаларда, түрлі кештерде, тойларда өнер көрсете бастайды. Бүгінде облысқа танылған Төрехан әлі күнге дейін мейрамханадан өткен үйрену мектебін жадынан шығармай келеді. "Өнерімді шыңдауыма, қалыптастыруыма талмай ізденіс пен еңбегім үлкен әсер етті", – дейді өзі.

– Сиқыр өнерімен айналысу үшін адамға ең алдымен ниет пен еңбек керек. Ниетің болмаса, бұл өнерді алып жүре алмайсың. Мысалы, сахнаға шыққанда көрермендер сенің кәсіби дәрежең қандай, білімің бар ма, жоқ па, әлде біреуден көшіріп үйреніп алдың ба, соның бәрін дереу біліп қояды. Халықты алдай алмайсың. Сиқырға қызықпайтын адам жоқ. Бұған еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін қызығады. Сондықтан қызықтыра білуің керек. Қазіргі тілмен айтқанда "шоу" жасай білуің керек. Сол кезде ғана сұранысқа ие болып, шақыртулар аласың. Ізденбеген адам шығармашылық тоқырауға ұшырайды, – деді өнер иесі.

Халықты таңқалдыру – шеберлік

Айтуынша, сиқырдың ең басты мақсаты көрермендерді, жалпы халықты таңқалдыра білу. Сахналық нөмірлеріңді әсерлі етіп көрсету. Төрехан өз-өзіне ешуақытта жарнама жасамайды екен. Болмысы – қарапайым. Кішіпейіл. Өз өнерінің шынайы өкілі деуімізге болады. Мұны біз Төреханның сиқырын тамашалаған соң және алдағы уақытқа дайындап жатқан жаңа нөмірлерін көрген соң айтып отырмыз. Өйткені, жаңа туындыларының арасында кез келген сиқыршы меңгере бермейтін қиын әрі күрделі дүниелер жетерлік. Олардың бәрін Төрехан азғантай уақыттың ішінде дайындап үлгерген. Әрбір нөмірін видеоға түсіріп, кемшіліктер орын алса, оларды жөндеп, жетілдіреді.

"Мен өзімнің нөмірлерімде баяу музыканы қолданғанды ұнатамын. Жалпы сиқыршының жүріс-тұрысы, киген киімі, сахнада қосылып тұрған музыкасы – бәрі өзіне сай болу керек" деген пікірін де қосып қойды.

Ол сиқырды үнемі шыңдап, жетілдіріп, ізденіп отырмаса, сиқыршы шығармашылық тоқырауға ұшырайтынын айтады.

– Сиқыршылардың бір ғана жолы бар: сені халық қабылдайды, не қабылдамайды. Сондықтан үлкен дайындықты қажет ететін сала. Мысалы, сиқырдың декорациясы, біздің тілмен айтқанда "реквизиттерінің" өзі арзан тұрмайды. Бұл орайда ептілігім көмекке келеді. Қолым мен зеректігім көз ілеспес уақытта шапшаң жұмыс істеп, ойлағанымды жүзеге асыра қоямын. Ал көпшілік бұған риза. Мүмкін келешекте бұдан биік ареналарды бағындыра жатармын. Ол менің жоспарымда бар. Әзірге осы саланы жетілдіріп, шыңдала түскім келеді, – дейді Төрехан.

Айдардың тұрақты авторлары:
Ш.ҚОҢҚАБАЙ, А.АЙҚАДАМОВА.

Баймағамбет әулие

Аманкелді ауданы, Құмкешу ауылының оңтүстігіне қарай 6-7 шақырым жерде Торғай өзеніне жақын көптеген шикі кесектен тұрғызылған тамдар бар. Бұл жер «Тобылғы түбек» деп аталады. Осы көп қорым ішінде Баянтаңат руынан шыққан Баймағамбет деген кісінің тамы бар. Ертеде тұрғызылған кесене мүжіліп құр әр жерде қабырға жұрнағы тұр. Жергілікті халық осы Баймағамбетті «әулие адам» деп аңыз ғып айтып отырады. Аруағына сыйынған, басына түнеген, басына амандық, деніне саулық тілеген.

Кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде Қодар деген кісіге соғысқа шақырған «повестка» келеді. Шақырту қағазын қолына алып жылап-еңіреп «Байеке, соғыстан алып қал» деп Қодар Баймағамбет әулиенің басына барады, шапағатын тілейді. Әулиеден шығып әскери комиссариатқа келсе Қодардың фамилиясын тізімнен әрі-бері қарап таба алмай «Кете бер, сен шақырылған жоқсың» деп қайтарады. Осы жағдай үш рет қайталанған. Үш ретінде де Қодар қолына шақырту қағазын алып жылап-еңіреп әулиеге барған. Үш ретінде де әскери комиссариаттағылар «Тізімде жоқсың» деп қайтарған.

Осылай әулиенің шапағатымен Қодар соғысқа бармаған. Ұрпағы бүгінде Құмкешуде, Айтбайда тұрады. Бұл біз естіген киелі әулиенің бір қыры ғана.

Ғазиз бен өкіл

Ғазиз аға Оспанқожа бабамыздың немересі, Әмірхан атаның бел баласы.

Жас кезінде Ғазиз аға ауылға келген бір өкілмен келісе алмай сөзге келіп қалады. Өкіл «сен қожа тұқымысың мен саған акт жасаймын», – деп атшы баласын арбадағы сөмкесін әкелуге жұмсайды.

Бала далаға шықса арба өртеніп жатыр. «Ойбай өрт, өрт!», – деп үйге келеді. Үйдегілер түгел жүгіре шықса, рас арба өртеніп жатыр. Үй иесі үйдегі бар суы мен айран, көжесін отқа құяды. Ғазиз аға далаға шықпай үйде қалған екен. Не болды деп далаға шықса, арба өртенбеген, үстіндегі шөпке, шөп үстіндегі сөмкеге, оның ішіндегі қағазға айран, сүт, су құйып тастаған.

Амалы құрыған өкіл кешірім сұрап, бұл тылсым күшке қайран қалып, Оспанқожаның қасиетті кісі екендігіне көзі әбден жеткен көрінеді.

Шөптібай БАЙДІЛДИН,
өлкетанушы.

Емші апа

Ол кісіні жұрт «Емші апа» деп атайды. Себебі Сәуле Жадикова алдына барған адамның қай жері не себепті ауыратынын айтқызбай-ақ айтып береді. Әсіресе, кішкентай балалардың ішін бұрап, кіндігін орнына келтіреді, сұқ көзден тазартады.

Сәуле апаның жұбайы Қоныс дүниеден ерте өтті. Әйтсе де, бүгінде үш баласы ержетіп, олардан немере-шөбере сүйіп отыр. Отбасында он баланың үлкені болған Сәуле Оспанқызы Торғай жерінде дүниеге келген.

Сәуле Жадикова қала іргесіндегі Затобол кентінде тұрады. Бойындағы қасиетін 35 жасқа толғанда түбегейлі мойындаған оның емшілікпен айналысып келе жатқанына да жиырма жылдан асыпты. Бұл уақыт аралығында ол еш жерден ем таппай қиналған көптеген адамға жәрдем беріп, халық медицинасының мықтылығын дәлелдеген. Алақандағы жылумен арқаңызды бір сипап өтсе болғаны, желкенің құрысқаны басылып, бастың ауырғаны қойып, жолыңыз ашылып сала береді.

«Мен мұндай қасиетімнің барын бұрыннан байқайтынмын, – дейді Сәуле апа. – Негізі менің ата-бабам аруақты кісілер болған. Осы қасиет маған атам Арыстаннан дарыған. Бастапқыда мұның себебін білмедім. Тек ересектер бастары ауырғанда уқалап беруімді сұранатын, содан дәрісіз жазылып кетіп жататын. Қан қысымын да солай қалыпқа келтіретінімді тәжірибе жүзінде анықтадым.

Кейін мені жүйкесі ширығып ауыратын адамдарға көмектес деп шақыратын болды. Содан шошынған жандарға қорықтық құятын болдым. Кейін қиналған жандарға құмалақ ашып бере бастадым. Ал, менің алақандарым қызып кеткенде ауырған адамның денесін сылап-сипасам олар жазылып кетеді, менің де қолымның қызуы басылып, жеңілдеп қаламын».

Біз Сәуле ападан қамшымен емдеудің шипалық құпиясы жайлы сұрадық.

«Қамшымен дем салғанда адамның жолындағы түйіндер ашылып, кедергілер жойылады. Ал, алдымдағы адамның денесі түршігіп, сол арқылы бойындағы зиян, тіл-көз, сиқырдың бәрі сыртқа шығады. Ол әсіресе жүйке ауруларына шипа. Сосын адамның бойын тазалайды, Рухани жеңілдік алады», – дейді емші.

Сәуле апаны бүгінде дендеген дертіне ем табылмаған немесе қанша емделсе де оңды нәтижесі болмаған адамдар жиі іздеп барады. Емші мұндайда адамның бойын тазарту керек дейді. Қажет еткендерге нүктелік массаж сынды басқа да ем түрлерін жасайды. Дәрісіз, көнеден келе жатқан ем демесеңіз, халық медицинасының бұл әдістері ұятқа қалдырған кезі болмапты.

Емші апа алдына барған науқастарды 5 күн, сәбилерді 3 күн емдейді екен. Осыны білетін жерлестері жолы болмай, не ем қонбай жатса дереу Сәуле апайды іздейді.

...Бұл мақаламызда біз Сәуле Оспанқызын жарнамалап жатқан жоқпыз. Кімге емделемін десе де әркімнің өз еркі. Өз басым «Қостанай ақшамын», соның ішінде «Тылсым» бетінде жарияланған неше түрлі оқиғаларды оқуға асығамын. Бұл бетте тылсым дүниелермен қатар, небір әулие, емші кісілер туралы да көп жазылады. Сондықтан, мен де тек ел ішінде осындай ерекше дарын иесі бар екенін ғана айтқым келді.

Ш.ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ,
оқырман.

«Қостанай таңы» газеті редакциясы ЖШС
ҮШ ҚЫЗ

Жаман түс көрсең...

Өткенде «Қостанай ақшамындағы» «Тылсым» бетін оқып отырып түс туралы материалға көзім түсті. Өз басым түске қатты мән беремін. Тіпті, мен үнемі өмірімде болатын кейбір келеңсіз жәйттерді осы түс арқылы көретін сияқтымын. Әрі жаман түстер көрсем міндетті түрде не жеті шелпек таратып, не мешітке барып дұға бағыштап немесе садақа беруді әдетке айналдырдым. Олай етуіме себептер де жоқ емес...

Бірде түсімде мені ит талап жатыр екен, қатты шошынғаным сондай, таңатқанша көз ілмедім. Бірақ, қырсық қылғанда, күнделікті күйбең тірлікпен бұл түсті елемей, ұмытып та кеттім. Арада бір апта өткенде мені көршімнің құтырған иті талап, бір өлімнен аман қалған едім. Сонда ғана бір апта бұрын көрген түсім есіме түсіп, мешітке баруды, не садақа беріп, жеті шелпек пісіруді ұмытып кеткеніме өкіндім. Менің басымнан түске қатысты мұндай жәйттер көп орын алған еді. Оның бәрін тізе беру де мүмкін емес. Көбісі, әсіресе туыстарым маған «сенің бойыңда қасиет бар, арғы аталарың көріпкел, бақсы болған» деп отырады. Сондықтан, өз басым түске де, тылсым оқиғаларға да қатты сенемін. Ал, сіз ше?

Арайлым ЖӘКЕН.
Қостанай қаласы.

Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда.
Қазақ мақалы.

Шыныққан, шымыр боласың!

ДОДА

“Қостанай таңының” спорт беті

Ережесіз жекпе-жек

"Күш атасын танымайды"

Жақында Балқаш қаласында NOMAD MMA бойынша жасөспірімдер арасында Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған ҚР чемпионаты мәреге жетті. Жарысқа еліміздің он бір облысы мен қаласынан 247 спортшы қатысып, шаршы алаңда өзара күш сынасты.

Халықаралық NOMAD MMA федерациясы жоғарғы кеңесінің төрағасы Владислав Дю жетекшілік еткен ұйымдастырушылар тобы біріншіліктің жоғары деңгейде өтуіне мұрындық болды.

Жарыстың ашылу салтанатында ережесіз жекпе-жектің негізін салушы Сергей Ан жас спортшыларға батасын берді. Турнирде біздің облыс спортшылары сәтті өнер көрсете білді. Мәселен, 32 келіде шаршы алаңға шыққан Санжар Серік, 35 келіде Даниил Едіресов, 36 келіде Саид Сайдаев, 51 келіде Дәурен Батырқайыровтар чемпион атанды. Ал, Сергей Гильд, Жалғас Иса, Қаппас Айшуақовтар жүлделі екінші орынды жеңіп алды. Вагиф Хайдаров үшінші орынды еншіледі.

Жас чемпиондарды жарысқа жекпе-жек одағының жаттықтырушылары Юрий Щур, Талғат Махамбетов, Қайрат Бадыров, Ержан Әубәкіров, Линар Кудасовтар дайындап апарғанын айта кеткен жөн.

Ел біріншілігінде жүлдегер атанғандардың бәрі Қазақстан ұлттық құрамасының сапына енді. Олар енді жылдың басты жарысы – "Азия жауынгері" халықаралық турниріне қатысады.

Гір көтеру спорты

Ел ұпайын еселеді

Венгрияның Кечкемет қаласында гір көтеруден ересектер мен жастар арасында Еуропа чемпионаты аяқталды. Оған әлемнің 24 елінен 35 ауыр атлетші қатысты. Байрақты бәсекеге барған Қазақстан құрамасы сапында біздің облыстан төрт спортшы бар. Олардың төртеуі де чемпионат жүлдегері атанды.

Жасөспірімдер арасында 73 келіге дейінгі салмақта Семен Турченко жүлделі екінші орынды жеңіп алды. Ал 95 келіде сынға түскен Илья Кангаш ересектер мен жасөспірімдер арасында қос "қола" медальді иеленді. Қыздар арасында 63 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Яна Литвинова да екі "қола" медальге қол жеткізді.

Ересектер арасында арқалықтық Антон Цуркан да екінші орынға табан тіреді.

Шығыс жекпе-жегі

Табыс қомақты

Ресейдің Миасс қаласында шығыс жекпе-жегінен белгілі бапкер А.Грибковты еске алуға арналған ашық турнир болып өтті. Оған Ресей спортшыларымен қатар шекаралас өңір ретінде Қостанайдағы "Жасұлан" секциясының спортшылары да қатысты. Бір айта кетерлігі, көрші мемлекет турниріне барған жерлестеріміздің бәрі жүлдемен оралды.

Мәселен, 33 келі салмақта сынға түскен Алпамыс Сеңғали мен 60 келіде кілемге шыққан Иван Крупин турнир чемпиондары атанды. Санжар Серік, Сергей Дубинин мен Даниил Кривошпицкийлер жүлделі екінші орынға көтерілді. Ал Саид Сайтаев пен Арқат Тәттібаевтар "қола" жүлдені қанағат тұтты. Спортшыларды Ресей жерінде өткен жарысқа "Жасұлан" спорт секциясының жаттықтырушылары Эдуард Юсупов пен Юрий Щур бастап апарған болатын.

Қостанайға оралған спортшылар іле алда күтіп тұрған тағы бір додаға әзірлікті бастап кетті. Жақында Жітіқара қаласында интернационалист-жауынгер А.Торубаровты еске алуға арналған облыстық турнир өтеді. Қостанайлық спортшылар сол турнирге қатыспақ.

Асық ату

Даниил көпті тәнті етті

Таяуда Шучинск қаласында асық атудан 2005-07 жылдары туған жасөспірімдер арасында ел біріншілігі болып өтті. Оған Алматы, Астана қалаларының командаларымен қоса Ақмола, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Қызылорда облыстарының құрамалары қатысты. Үш күнге созылған Ұлттық ойын бәсекесінде облыс намысын жыртқан қыздар командасы жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. Құрамында рудныйлық Ақбөпе Бекмұратова, Айтолқын Жұмабаева, Нұрсипат Айдарова тәрізді шебер асық атушы қыздар топтасқан команда "бесасықта" ешкімге дес берген жоқ. Ал, Еркебұлан Дүзенов, Медеу Ырзабаев және Даниил Бабенко үштігі жүлделі үшінші орынды еншіледі.

Қостанайлық жасөспірімдер сапында асық атқан Даниил Бабенко Ұлттық ойынымызбен екіүш жылдан бері шұғылданып жүр. Нәтижесі жаман емес. Федоров ауданында тұратын Даниил асық ойынына бала кезден құмар. Оны асық атуға жеке бапкері Асқар Досанов баулып жүр.

– Даниилдің бет алысы жақсы. Ұлттық ойынды тәп-тәуір меңгеріп алғаны көрініп тұр. Щучинск қаласында өткен ел чемпионатында ол өзінің дәлдігімен көзге түсті. Болашақта одан зор үміт күтеміз. Бір жағынан, бұл баланың құрамаға қосылуы біз үшін үлкен тарих. Олай дейтін себебім, бұған дейін асық ату ойындарында өзге ұлт өкілдері болмаған. Әсіресе, біздің солтүстік өңірлердің жағдайында бұл сирек құбылыс, – дейді облыстық асық ату федерациясының президенті Кәріпшал Какашев.

Бетті әзірлеген Әлібек ЫБЫРАЙ.

«Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып келеді»
Мұхтар Әуезов.

Мен елімнің қорғаны боламын

Мен Қостанай ауданының Константинов ауылындағы мектептің 4 сынып оқушысымын. Бауыржан Момышұлы, Сұлтан Баймағамбетов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Қайрат Рысқұлбеков сияқты батыр ұл-қыздары бар елдің, ең бастысы егемен елдің ұланымын.

Менің де өз арманым, алға қойған мақсатым және сол мақсатқа жету жолындағы үлкен үмітім бар. Мен өскенде Отанымызды қорғайтын әскери қызметкер болғым келеді. Қазірден бастап спортпен айналысып жүрмін, ал денешынықтыру сабағы менің ең сүйікті сабағым десем де болады. Мектепішілік спорттық шаралардан да қалыс қалмауға тырысамын. Себебі, ата-анам маған болашақта әскери қызметкер болу үшін спорт ауадай қажет деп үнемі айтып отырады. Анам айтқандай, әскери маман болу үшін ең алдымен жаман әдеттерден аулақ болып, жақсы білім алып, ата-анамның үмітін ақтап, сабақты тек қана беспен оқу керек. Жыл сайын 7 мамырда Президентіміздің және еліміздің сарбаздары қатысатын шеруді де телеарналардан қалт жібермеймін. Себебі, сарбаздарымыздың әсем қимылы, нық жүрісіне қатты қызығамын. Менің Отаным – Қазақстан. Мен өз Отанымды қатты жақсы көремін.

Салих ЖАНТАЙ.
Константинов ауылы.

Менің сүйікті ұстаздарым

Ұстаз – ұлылықтың тұтқасы. Менің ойым осындай. Ұстаз болмаса ұлыларды танып, ұлылықтан үлгі алар ма едік?! Әріп үйретіп, білім бастауының тұма бұлағына бас қойғызған аяулы ұстаздарым менің... Мектепте қалай оқысақ, ертеңгі болашағымызды дәл солай жалғастырамыз. Кей қатарластарым, өкінішке қарай, мұны жете түсінбей жүрген сияқты. Ең ақырғысы қарапайым еңбек туралы да тереңірек түсінігің мен қабілетің болу керек қой. Мына заман күнде өзгеріп келеді. Білімді де, парасатты, жан-жақты болып, қоғам өзгерісіне бейім болуымыз керек. Елбасымыз айтқандай бүгінгі мамандық, ертең жарамсыз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан қандай жағдайға да сай болу үшін өзімізді өзіміз тәрбиелеп, үйретері көп жандардан керектісін бойымызға жинай беруіміз қажет.

Білім мен ой берген ұстаздарымызды қалай құрметтесек те артық емес. Ең алдымен сыйлай білуіміз керек. Отбасынан гөрі мектепте көп уақытын өткізетін, біз үшін алғыс та, кейде тіпті ренішті сөздер де естіп жататын аяулы жандар-ай... Кейде тіпті олардың өзіне қарауға да уақыт таппай жататындарын қайтерсің? Мұғалімдерді біреуі біреуінен артық деп айтудың өзі орынсыз-ау деп ойлаймын. Мен үшін барша ұстаздардың орындары ерекше. Қай ұстаз болмасын барлығы да құрметке лайық жандар. Білімді шәкірттеріңіз көп болып өздеріңізді қуанта берсін дегім келеді, аяулы бала бағбандары.

Ұлпан ЕЛЕУСІЗ,
8-сынып оқушысы.
Арқалық қаласы.

ЖАРАЙСЫҢ!

Жұлдызың жарқырай берсін, Алан!

Өнерге талпыныс, құштарлық бала кезден кез келген адамның бойынан табылуы мүмкін. Сондай өнерлі баланың бірі Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектебінің 6 «ә» сынып оқушысы А.Бектеміров.

Алан мектеп қабырғасынан бастап ән айтып, мектепішілік сайыстарға, одан кейін ауданда өтетін барлық мерекелік іс-шараларға белсенді ат салысып келеді. Әулиекөлдіктер де кішкентай өнерпаздың өнеріне риза болып, қошеметін аямайды.

Міне, өнерпаз әнші аудан, облысты қойып, үстіміздегі жылдың 28-29 сәуірінде Астана қаласында өткен «Жайна, әсем қала Астана» атты халықаралық фестивалінен бір-ақ шығып, астаналық көрермендерді және әділқазылар алқасын да таңғалдырды. Алан байқауда «Самға» әнін орындап, жүлделі I орынды жеңіп алды. Ол бүгінде өнер мектебінде ұстазы Ерсін Молдабековтен дәріс алады.

«Көрінген таудың алыстығы жоқ» дегендей, өнерің өрлей берсін, келешекте биік белестен көрінуіңе тілектеспіз, Алан.

Жұмакүл СЫЗДЫҚОВА.
Әулиекөл ауданы.

Біздің болашақ ғалым

№ 24 мектеп-гимназиясының 2 «А» сынып оқушысы Ақжол Шәмелдің болашағы зор. Ол тек сабаққа үлгеріп қана қоймай, мектептің барлық іс шараларына белсене атсалысып жүреді. Қол жеткізген жетістіктері де аз емес. Осы оқу жылында қалалық және облыстық ғылыми байқауларда жүлделі орындарға ие болып, мектептің намысын қорғады. Қазан айында өткен 1-7 сынып оқушыларының «Зерде» республикалық зерттеулік жобалар және шығармашылық жұмыстардың қалалық кезеңінде «Ағылшын тілі» секциясында 1-орынды иеленіп келгенін зор мақтанышпен айтуға болады. Осы байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алып, ол сайыста да 2-орынға ие болды.

Наурыз айында өткен Қостанай қаласының бастауыш мектеп оқушылары арасында «Ступеньки открытия» ғылыми жобалар сайысында да ағылшын тілі бағыты бойынша 1-орынды қанжығасына байлады. Бұл жобада оны тыңдаған жоғарғы оқу орны мамандары «Болашақ ғалым» деп бағалап, арқасынан қағып, тілекші болған еді. Ақжол Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына орай Қостанай қаласының оқушылары арасында өткен «Астана менің жүрегімде...» атты шығармашылық сайыста да 1-орынға ие болды.

Міне, кішкентай ғана Ақжолдың ауыз толтырып айтарлық жетістіктері жетерлік. Оның келешегінен ата-әжесі де, ата-анасы да, ұстаздары да үмітті. Келешек осы сияқты талапты оқушылардың тырнақалды жетістіктерінен бастау алады емес пе. Ендеше Ақжолға өмірде де ақ жол тілеп, талабына нұр жаусын демекпіз.

РЕБУС

Бөлімді Қарлығаш Оспанова жүргізеді
19karligash80@mail.ru

Құрастырған: «Жас тілші» үйірмесінің мүшелері. Арқалық қаласы.

РУХАНИ ҚАЗЫНА

Кейкі батыр музейі ашылды

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Хамитбек МҰСАБАЕВ

Жақында Елбасымыз – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласында алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру барысында Тасты ауылдық округіндегі Тасты орта мектебінде даңқты халық батыры Кейкі Көкембаевқа арналып музей ашылды. Музейді жабдықтау жұмысы 2018 жылдың басынан, 15 мамырға дейін созылды, яғни мектеп директоры Айсұлу Қойгелдина бастаған Тасты орта мектебінің ұжымы мен оқушылары 4 жарым айдың ішінде батырға арналған музейді шама-шарықтарынша жабдықтап шықты.

Музейдің салтанатты ашылуына Астана қаласындағы ұлттық галерея директоры және республикалық әскери музей директорының орынбасары, Рудный қаласында тұратын Кейкі батыр ұрпағы Сейітқали Қосжанов, Ақтөбе қаласынан батырдың тағы бір ұрпағы Қанафия Әбдібеков бастаған қонақтар қатысты.

Салтанатты жиынды мектеп директоры Айсұлу Қойгелдина кіріспе сөз сөйлеп ашты. Алғашқы сөз аудан әкімінің орынбасары С.Ж.Ғаниевке берілді. Ол өз сөзінде аудан әкімдігі мен халқы атынан мектеп ұжымының Кейкі батыр музейін жабдықтауда сіңірген еңбегіне ризалығын білдірді. Жиналған қауымды музейдің ашылуымен құттықтады. Сөз кезегі Кейкі батыр ұрпағы С.Қосжановқа берілді. Ол да жиналған қауымды музейдің ашылуымен құттықтап, қазіргі күні денсаулық жағдайына байланысты рәсімге қатыса алмаған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Серік Ақылбайдың бағалы сыйлығын музейге табыс етті.

Қазіргі күні музейде үлкендікішілі 62 экспонат тұр. Алдағы уақытта оның қатарын көбейету жоспарланған. Санаулы күндерден соң мектеп мұғалімдері мен оқушылары Кейкі батыр тұтынған бұйымдарды іздестіріп, жинақтайтын болады. Бұл үшін олар Тасты, Арқалық, Ұлытау, Жезқазған, Қарсақбай өңірлерінде тұратын Кейкі батыр ұрпақтары мекендеген жерлерді аралап, халықпен кездесіп, сақталған жәдігерлерді жинақтайды. Сондай-ақ, Кейкі батыр өміріне қатысты деректер мен әралуан туындыларды да музейге тапсырады.

Музейдің ашылуын тамашалаған жұртшылық мұнан соң мектеп оқушыларының ғылыми конференциясына қатысты. Ғылыми конференцияны аудандық білім беру бөлімінің басшысы М.Дихамбаев ашып, жүргізіп отырды. Онда Қ.Әбдібеков, Ш.Байділдин, республикалық әскери музей директорының орынбасары П.С.Сейдімбекова, Тасты және Амантоғай, Жалдама мектептерінің оқушылары М.Қабдырашева, С.Қабдырашев және басқа да оқушылар Кейкі батыр өмірінен баяндамалар жасады.

Конференция соңынан Тасты орта мектебін осыдан 35 жыл бұрын бітірген түлектері арнайы концерт беріп, Кейкі батыр музейіне 500 000 теңге қаражат тапсырды. Мұнымен қоса, батыр ата музейіне архитектор Берік Ибраев жасаған К.Көкембаев мүсінін табыс етті. Сонымен бірге Кейкі батыр ұрпағы, яғни ағасы Қосжанның немересі Сейітқали Дүйсентайұлы 1916 жылы Кейкі батыр ұстаған қылышты да музейге тапсырды. Ол мұнымен қатар Парламент Сенатының депутаты С.Ақылбайдың тапсыруы бойынша Тасты ауылындағы "Табыс" ЖШС директорының орынбасары, Кейкі батырдың ерліктерін насихаттауда көп еңбек сіңірген ел ағасы Әділ Саматов пен Тасты орта мектебінің директоры Айсұлу Қойгелдинаға мерекелік Кейкі батыр медалін салтанатты түрде тапсырды.

Тастыда Кейкі батырға арналып ашылған бұл алғашқы музейдің келешегінен аманкелділіктер көп үміт күтіп отыр. Кейкі Көкембаев музейінің салтанатты ашылуына қатысқандар рәсімнен кейін батыр кесенесінің басына барып, ескерткіш суретке түсті, рухына дұға бағыштады.

Аманкелді ауданы.

СУРЕТТЕРДЕ: батырға арналған музейдің ашылуынан көріністер.

Суреттерді түсірген автор.

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

Әлімбаевтар әулеті ерек шықты

Мерейлі ОТБАСЫ ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ

Жыл сайын дәстүрлі түрде жалғасып келе жатқан "Мерейлі отбасы" ұлттық байқауына өтініш білдірген төрт отбасы алғашқы іріктеу кезеңінде берілген ережеге сай талаптарды орындады. Отбасылық құндылықтарды дәріптей білген байқау үміткерлері жаңадан шаңырақ көтергендерге үлгі боларлық. Байқаудың қорытындысы бойынша Әлімбаевтар отбасы жеңімпаз атанып, облыстық кезеңге жолдама алды. Отағасы Базар Әлімбаев мәдениет саласында көп жылдан бері қызмет жасап келеді. Аудан мәдениетінің дамуына үлес қосқан өнер майталманы. Ал, отанасы Салтанат білім ордасының қара шаңырағына айналған Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінде білікті ұстаз. Балалары әр салада қызмет атқарады. Көпке үлгі болған отбасы облыстық байқаудан жеңіспен оралсын деп тілейміз.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.

Жанкелдин ауданы.

Áleýmettik jeliden

Ностальгия



Шөп шабысып, шөмеле үйіп күнімен,
Көше кезіп, қызық қуып түнімен,
Таңда келіп ұйықтап кеткен кездерде,
Оянушы ек «сүт тартқыштың» үнімен.

Оянғанда қайтқандай боп есеміз,
Сүтке толып тұратын ед кесеміз.
Бірқалыпты ыңылдайтын сүт тартқыш,
Бірқалыпты тартушы еді шешеміз.

Қуаты өлген, он екіден бір кетпей,
Керегеде сағат тұрар сырт етпей,
Сиыр сауып, оны өріске айдап сап,
Келгенінше жататын ек тырп етпей.

Қайран шеше еркелікті тыймайтын,
Маубас ұлдың ұйқысын да сыйлайтын.
Бұзау тарту оңай емес, сонда да,
Еh, біздерді оятуға қимайтын.

Тұратын ек ұйқымызды қандырып,
Есінеуші ек, танытардай паң қылық.
Шешей байғұс отыратын сүт тартып,
Оң қолы мен оң иығын талдырып.

Қайран, қайран сол күндер-ай далалық.
Біз есейдік, болдық, міне, қалалық.
Шешей де жоқ, сиыр да жоқ сауатын,
Күн кешеміз тар бөлмеге қамалып.

Бүгінгі ермек – өткенді ойлау жатып ап,
Әйелдер жүр базар жаққа қатынап.
Шайымызға сүт қатамыз құнарсыз,
Дәмсіз, нәрсіз кілегейді сатып ап.

...Мысық сынды ұйықтап
жатсаң пырылдап,
Телефонның оятады шырылдап.
Одан гөрі оятса ғой «сүт тартқыш»,
Баяу ғана «тұра ғой» деп ыңылдап.

Адамның дене мүшелері бір-бірінен қай уақытта демалатындары туралы сұрайды. Сонда бас, аяқ, қол – «ұйқтағанда» дейді. Асқазан – «тамақты қорытып болғанда» депті. Сөйтіп кезекпен-кезек бәрі айтып болады. Жүрек қана үндемейді. Бәрі таң қалып: «Сен өмірге келгелі тоқтаусыз жұмыс істейсің. Қай уақытта дем аласың?» – дегенде, жүрек: «Мен жақсы, жылы, мейірімді сөздерді естігенде дем аламын», – депті.

Аялдамадан жұмысқа жүгіріп келе жатып, бір ер адамның аяғынан пима көрдім. Жарықтық, пимада аяқ тонушы ма еді? Ең арзан деген етігіннің өзі 50 мыңнан асады, ал пима болса 8-10 мың теңге (стандарт түрі, заманауи көркемделмеген болса). Біз осы неге пиманы ұят көреміз? «Кедейдің кербезінен без» деген, бір ай жұмыс істеп, жұмыс ақысының жартысын етікке берген адамдарды да көрдім. Бірақ олар пима туралы ойламайды да. Себебі, ұят. Жарты айлығыңды бір етікке беріп, сүмеңдеп, ақшасыз жүру ұят емес те, жылы пимамен жүру – ұят.

Бір әнші-әртістер киіп шығып, сәнге айналдырмағанша, пимада құн болмайды-ау деймін.

17 ауруға ем

Қазақ халқы төрт түліктің төресі деп төбесіне көтеретін жылқының қасиетін тауысып айту мүмкін емес. Ата-бабамыз еті мен сүті шипа жануарды бағалай білген.

Қазірде қазақ қана емес, көп ауруға ем саналатын жылқы етін дамыған Еуропа елдері де мойындап отыр. Шетелдік зерттеуші-дәрігерлер еттің ішіндегі ең пайдалысы – жылқының еті екендігін, жылқы майының адам организмінде ешқашан тұнбаға түспейтіндігін зерттеп білді. Олар жылқы етінің 17 түрлі ауруға ем болатындығын мойындады.

Жылқы етінің ең басты қасиеті – жүрек, қан тамыр ауруларына, бүйрек жұмысын жақсартуға, буын сүйектерінің сырқырауына, ішкі ағзаның дұрыс жұмыс жасауына тигізер әсері мол. Ағза жасушаларын жаңартып отыратын қасиеті де дәлелденген. Ал бұл дегеніміз қартаймаудың басты қағидасы.

Сонымен қатар, жылқының жүрегін жеу ми қызметін жақсартады. Мидағы миллиондаған жасушаларды жаңартып, есте сақтау қабілетіне жауап беретін талшықтарға көмек береді. Мамандардың айтуынша, жылқы етін тұрақты жеу мидың ұзақ уақыт «мүлтіксіз» қызмет көрсетуіне септігін тигізеді. Ол үшін жылқы жүрегін пісіріп не қуырып жеу керек. Ал қақталған сүр ет бүйрек жұмысына пайдалы. Сүрленген етті әбден пісіріп, сүтпен бірге қабылдау бүйрек пен несеп жолдарына оң әсерін тигізеді. Жылқы етінде негізінен минералды заттар, оның ішінде темір көп. Әсіресе, жылқы бауыры темірге, А1, В2, В12 дәрумендеріне бай. Мамандар жылқы етін мұздатқышта сақтағаннан гөрі оны сүрлеп сақтаған әлдеқайда пайдалы екендігін айтады.

«Жигулидің» үйінде

Бір ағамыз үйінің шатырын жөндеп жатса үйіне құдасы «джиппен» келіп түссе, жаңағы ағамыз: «Ішке кіре бер, құда, қазір барам, бітіріп алайын жұмысымды», – депті. Сәлден кейін шаң-шаң «жигулимен» екінші құдасы келіпті. Жаңағы ағамыз шатырдан секіріп түсіп: «О-о-о, құда, ішке кір!», – деп күтіп алыпты. Оны байқап тұрған көршісі айтыпты: «Бірінші құдаң «джиппен» келгенде кіре бер деп ең, «жигулимен» келген құдаңның алдынан шықтың ғой», – депті. Сөйтсе, жаңағы ағамыз айтыпты: «Е-ее көрші, «джиптің» қызы біздің үйде, біздің қыз «жигулидің» үйінде», – деген екен.

Жауапқа тартар

Ертеде байлығы тасқан, өркөкірек бір патша өмір сүріпті. Сол кездегі дәстүр бойынша патшаның төсегін күнде бір күң салуы керек екен.

Бір жолы жас күңдердің бірі әлгі патшаның төсегін салып болып, қатты қызығушылығы артып, патшаның төсегіне жатып көрмек болады. «Патша келсе, атып тұрармын» деген күң жатқан бойы ұйықтап кетеді. Жатын бөлмесіне келген патша төсегінде ұйықтап жатқан күңді көріп, қатты ашуланады. Ал ұйқысынан оянған күң күліп тұрады. Таңырқаған патша: «Неменеңе жетісіп күлесің?» десе, күң: «Алдияр тақсыр, мен төсегіңізге бір рет жатып көрейінші деп сонша таяқ жеп жатырмын. Ал сіз бұл мамық төсекте күнде ұйықтайсыз. Алла тағала сізді жауапқа тартса қалай жауап берер екенсіз? Таяқ жеудің көкесі сонда болар-ау деген ой келді», – деп жауап береді. Оны естіген патша Ибраhим ибн Әдхам қатты ойланып, соңында тақуалыққа бет бұрыпты деседі...

Сіз бен біз ұмытпауға тиіс өмірдің 30 қағидасы:

1. Ұнады ма – айт.
2. Ұнамады ма – айт.
3. Біреуді сағындың ба – қоңырау шал.
4. Түсінбедің бе – сұра.
5. Кездескің келе ме – шақыр.
6. Бір нәрсе қалайсың ба – өтін.
7. Түсіністің келе ме – түсіндір.
8. Бақытты болғың келе ме – бол.
9. Ешқашан егеске барудың қажеті жоқ.
10. Егер кінәлі болсаң, өзіңді ақтаудың жолын іздей бермей, сол арада айтып сал.
11. Ақымақтармен айтысам деп әуре болма.
12. Өмірде ең маңыздысы – махаббат, ал қалғандарының бәрі – бос әурешілік.
13. Адамның қиындықтары тек басында ғана болады.
14. Бізді қоршаған әлем зұлым да, мейірімді де емес. Оған сенің барың да, жоғың да бәрібір.
15. Әрбір жаңалықтан ләззат алуға тырыс.
16. Есіңде болсын, сен өмірге тек бір-ақ рет келесің.
17. Мазасыз болма.
18. Теледидарды көп қарай берме, ол бәрібір шынайы өмірдегідей болмайды.
19. Есіңде болсын, сен ешкімге де, ешнәрсеге де міндетті емессің.
20. Есіңде болсын, сен үшін ешкім де, ешнәрсе үшін міндетті емес.
21. Саясатпен айналыспа, саясат адамдардың ашуын шақырады.
22. Ақшаңды жан қалауынан аяма.
23. Өмірде тек өзіңе сен.
24. Сөздерге сенбе, сезінгеніне сен.
25. Әйелдерге сәбилерге қарағандай қарау керек. Ол үшін шыдам мен кішкене мейірім керек.
26. Есіңде болсын, әр адамның өз шындығы бар және ол сенікімен сәйкес келе бермейді.
27. Егер сенің көңіл-күйің болмаса, өмірдің өткінші екенін ойла. Сол кезде бәрі қалпына келеді.
28. Бүгін өмір сүр. Себебі, кешегі күнің келмеске кетті, ал ертеңгі күніннің болар-болмасы беймәлім.
29. Өмірде қиын ештеңе жоқ. Қиындықты адамдар қолдан жасап алады.
30. Бүгінгі күнің – сенің өміріндегі ең жақсы күн.

Апталық телебағдарлама

мамырдың 28-нен маусымның 3-не дейін

28 мамыр, дүйсенбі

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Сенбілік таң. 7.00 Таңшолпан. 10.00 Hit Qazaqstan. 11.00 Апта. 12.05 Т.х. "Жараланған жүректер". 13.00 Ақпарат. 13.15 Көңіл толқыны. 14.20 Т.х. "Қара шанырақ". 16.00 Т.х. "Мәриям". 17.00 Ақпарат. 17.15 Елден хабар. 17.35 Менің Қазақстаным. 18.10 Көңіл толқыны. 18.30 ФИФА-2018. Ресейге барар жолда. 18.55 Т.х. "Қуанышым менің". 20.00 Ақпарат. 20.30 Басты тақырып. 20.50 Қарекет. 21.45 "Жараланған жүректер". 22.40 "Мәриям". 23.40 Түнгі студия. 0.20 Ақпарат.

ХАБАР

7.00 Заң бойынша. 7.30 "Ауырмайтын жол ізде". 8.00 Жаңалықтар. 8.10 Тайны. Судьбы. Имена. 9.00 Новости. 9.10 Т.х. "Пәленшеевтер". 10.00 Алтын бесік. 10.30 Мечты сбываются. 11.00 Ана мен бала. 12.00 Новости. 12.10 Біздің назарда. 12.30 Т.х. "Бәсеке". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Т.с. "Серебряный бор". 14.00 Т.с. "Медсестра". 15.00 Д.с. "Спасатели". 15.30 "Тағдыр тартысы". 16.00 "Бәсеке". 16.30 Сана. 17.15 Ана мен бала. 18.00 Давайте говорить! 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Бетпе-бет. 20.00 Арнайы хабар. 20.30 Бюро расследований. 21.00 Итоги дня. 21.30 Болашаққа бағдар. 22.20 Т.с "Черный список". 23.15 "Тағдыр тартысы". 23.45 Жаңалықтар. 0.15 Т.с. "Осколки".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Арта-Aqparat. 10.05 Т.х. "Бозторғай". 11.05 Дела житейские. 12.00 ТілекTime. 13.00 Aqparat. 13.40 Менің монологым. 14.00 Т.х. "Мәңгілік махаббат". 16.00 Т.х. "Достар". 17.05 М.с. 17.35 Д.с. "Сіз білесіз бе?". 18.00 Aqparat. 18.20 Елбесік. 18.40 Aqparat. 19.00 Первая студия. 19.30 Т.х. "Айналайын". 20.30 Aqparat. 21.10 Герой нашего времени. 21.30 Aqparat. 22.00 ТілекTime. 23.00 "Бозторғай". 0.00 Aqparat.

АСТАНА

6.00 Олжа. 7.00 Kaznet. 8.00 М.ф. 9.00 Избранное за неделю. 10.00 Т.х. "Жетер!". 11.00 Т.х. "Зехра". 12.00 Т.х. "Абысындар". 14.10 Біздің уақыт. 15.00 Т.с. "Моя прекрасная няня". 16.00 М.ф. 16.50 Ел аузында. 17.30 Шымкент шоу. 19.00 "Зехра". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Жетер!". 22.00 "Абысындар". 23.30 "Үзілмеген үміт". 0.30 Жаңалықтар. 1.00 Новости.

НТК

7.05 М.х. 7.20 Т.х. "Қалқан" ұйымының агенттері". 8.50 Insta TV.kz. 9.10 Ревю. 9.30 Т.с. "Реальные пацаны". 10.00 Т.с. "Остров". 10.30 Битва экстрасенсов. 12.00 Ревю. 12.30 Х.ф. "Толстяк на ринге". 14.45 М.с. 15.10 Байқа, балақай! 16.00 Ревю. 16.20 Американың ең күлкілі видеосы. 17.10 Тек күлкі үшін. 18.15 Екі езу. 18.40 Т.х. "Қағаз кеме". 19.10 Ревю. 19.50 "Остров". 20.30 Битва экстрасенсов. 22.00 Однажды в России. 22.20 "Қағаз кеме". 23.00 Тек күлкі үшін. 0.00 Х.ф. "Кловерфилд, 10".

7 АРНА

6.00 Қыздар арасында. 6.45 Қуырдақ. 7.00 Айнаонлайн. 7.30 Т.х. "Элиф". 9.00 День аиста. 9.20 Наши люди. 10.00 Т.с. "Я люблю своего мужа". 11.00 М.ф. 12.30 Субботний вечер. 15.00 Концерт. 17.10 Т.х. "Тағдыры тоғысқандар". 18.20 Концерт. 19.10 "Элиф". 20.10 "Тағдырым шешілген күн". 21.10 Т.х. "Жаңа келін". 22.00 Т.с. "Научи меня жить". 23.10 Т.с. "Весной расцветает любовь". 0.10 Х.ф. "Из Парижа с любовью".

31 АРНА

6.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 7.00 Информбюро. 8.00 What`s Up? 9.00 Т.х. "Қыздың жолы жіңішке". 11.00 Готовим с Адель. 11.30 Ералаш. 13.10 М.ф. "Тарзан". 15.00 Келіндер бәйгесі. 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 "Қыздың жолы жіңішке". 18.00 Орел и решка. 19.00 Т.с. "Воронины". 20.00 Информбюро. 21.00. Т.х. "Фазилет ханым". 22.00 Х.ф. "Такси". 0.00 Т.х. "Ертугрул 2". 1.30 Х.ф. "Храм любви".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН Подробности. 9.40 Почемучки. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 Т.х. "Әке серті". 14.00 ПроАгро. 14.30 "7 передача". 15.10 Жүрек тынысы. 16.00 Жаңалықтар. 16.30 Бұл менің өмірім. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Қазақстан байтақ өлке. 20.00 РТН. 20.30 Дело №. 20.50 Торговый дом. 21.10 "Әке серті". 22.00 РТН. 22.30 Baby Гид. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 Поле чудес. 12.00 Қалаулым. 15.00 На самом деле. 16.00 Т.с. "Влюбленные женщины". 16.55 Пусть говорят. 18.00 П@утіна. 19.00 Жаңалықтар. 19.45 Пендеміз ғой. 21.00 Новости. 21.45 Т.с. "Хороший парень". 2.00 Мужское/Женское.

КТК

6.05 КТК қоржынынан. 7.00 Т.х. "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.00 Кривое зеркало. 10.20 Х.ф. "Снайперша". 14.30 Новости. 14.45 Жаңалықтар. 15.00 Кел, келінім. 18.00 Т.х. "Женнеттің көз жасы". 19.45 Жаңалықтар. 20.20 Главная редакция. 21.00 Новости. 21.40 Т.с. "Хозяйка". 23.30 КТКweb. 0.00 Т.с. "Паутина".

29 мамыр, сейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан. 10.00 Hit Qazaqstan. 11.00 М.х. 11.15 Қызық екен... 12.00 "Жараланған жүректер". 13.00 Ақпарат. 13.15 Қарекет. 14.20 "Қара шаңырақ". 16.00 "Мәриям". 17.00 Ақпарат. 17.15 Елден хабар. 17.35 Табыс сыры. 17.55 "Баланың көңілі". 18.10 Қызық екен... 18.55 "Қуанышым менің". 20.00 Ақпарат. 20.30 Басты тақырып. 20.50 Қарекет. 21.45 "Жараланған жүректер". 22.40 "Мәриям". 23.40 Түнгі студия. 0.20 Ақпарат.

ХАБАР

7.00 Заң бойынша. 7.30 "Ауырмайтын жол ізде". 8.00 Жаңалықтар. 8.10 Таңғы хабар. 9.00 Новости. 9.10 "Мезгілсіз махаббат". 9.45 Т.х. "Тығырық". 10.40 "Спасатели". 11.10 Ана мен бала. 12.00 Новости. 12.10 Біздің назарда. 12.30 "Бәсеке". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 "Серебряный бор". 14.00 "Медсестра". 14.50 "Спасаем жизни". 15.20 "Тағдыр тартысы". 15.50 "Бәсеке". 16.20 Т.х. "Арман жолында". 17.15 Ана мен бала. 18.00 Давайте говорить! 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Т.х. "Мезгілсіз махаббат". 20.05 "Тығырық". 21.00 Итоги дня. 21.30 Т.с. "Время". 22.15 "Черный список". 23.05 "Тағдыр тартысы". 23.35 Жаңалықтар. 0.05 "Осколки".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Aqparat. 10.05 "Бозторғай". 11.05 Ақ орамал. 12.00 ТілекTime. 13.00 Aqparat. 13.40 Рухани жаңғыру. 14.00 "Мәңгілік махаббат". 16.00 "Достар". 17.05 М.с. 17.35 "Сіз білесіз бе?". 18.00 Aqparat. 18.20 Регион 10. 18.40 Aqparat. 19.00 Первая студия. 19.30 "Айналайын". 20.30 Aqparat. 21.10 Акцент. 21.30 Aqparat. 22.00 ТілекTime. 23.00 "Бозторғай". 0.00 Aqparat.

АСТАНА

6.00 Олжа. 7.00 Жаңалықтар. 8.00 М.ф. 10.00 "Жетер!". 11.00 "Зехра". 12.00 "Абысындар". 14.00 Репортер ұсынады. 14.30 Profinance. Web. 15.00 "Моя прекрасная няня". 16.00 М.ф. 17.30 Kaznet. 18.00 "Үзілмеген үміт". 19.00 "Зехра". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Жетер!". 22.00 "Абысындар". 23.50 "Үзілмеген үміт". 0.30 Жаңалықтар. 1.00 Новости.

НТК

7.05 М.х. 7.20 "Қалқан" ұйымының агенттері". 8.50 Insta TV.kz. 9.10 Ревю. 9.30 "Реальные пацаны". 10.00 "Остров". 10.30 Битва экстрасенсов. 12.00 Однажды в России. 13.00 Ревю. 13.30 М.с. 15.10 Байқа, балақай! 15.35 Бүлдір-күлдір. 16.20 Американың ең күлкілі видеосы. 17.10 Тек күлкі үшін. 18.15 Екі езу. 18.40 Т.х. "Қағаз кеме". 19.10 Ревю. 19.50 "Остров". 20.30 Битва экстрасенсов. 22.00 Однажды в России. 22.20 "Қағаз кеме". 23.00 Тек күлкі үшін. 0.00 Х.ф. "Треугольник".

7 АРНА

6.00 Өз ойым. 7.00 "Жаңа келін". 8.00 "Элиф". 9.00 Гадалка. 10.00 "Я люблю своего мужа". 11.00 "Научи меня жить". 12.10 "Весной расцветает любовь". 13.10 Юрмала. 15.00 Өз ойым. 16.40 Q-елі. 17.10 "Тағдыры тоғысқандар". 18.20 Концерт. 19.10 "Элиф". 20.10 "Тағдырым шешілген күн". 21.10 "Жаңа келін". 22.10 "Научи меня жить". 23.10 "Весной расцветает любовь". 0.10 Х.ф. "Шанхайский полдень".

31 АРНА

6.00 Ризамын. 7.00 Информ-форм-бюро. 8.00 What`s Up? 9.00 "Қыздың жолы жіңішке". 11.00 М.с. 12.00 Ералаш. 13.00 Х.ф. "Такси". 15.00 Келіндер бәйгесі. 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 "Қыздың жолы жіңішке". 18.00 Орел и решка. 19.00 "Воронины". 20.00 Информбюро. 21.00 "Фазилет ханым". 23.00 Х.ф. "Такси 2". 0.00 "Ертугрул 2". 1.30 Х.ф. "Телеведущий: И снова, здравствуйте".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 Baby Гид. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Әке серті". 14.10 Рухани жаңарту. 15.00 Территория происшествий. 15.10 Қазақстан байтақ өлке. 16.00 Жаңалықтар. 16.30 Неизведанный Казахстан. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Герои рядом. 20.00 РТН. 20.30 Красота – Light. 21.00 "Әке серті". 22.00 РТН. 22.30 В ладу с природой. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 Т.с. "Тот, кто читает мысли". 12.00 Қалаулым. 15.00 На самом деле. 16.00 "Влюбленные женщины". 16.55 Пусть говорят. 18.00 П@утіна. 19.00 Жаңалықтар. 19.45 Кеш қалмайық. 21.00 Новости. 21.45 "Хороший парень". 2.00 Мужское/Женское.

КТК

6.05 Жаңалықтар. 6.30 "Женнеттің көз жасы". 7.40 "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.45 Т.с. "Женский доктор". 11.30 Новости. 12.10 "Паутина". 14.30 Новости. 15.00 Кел, келінім. 18.00 "Женнеттің көз жасы". 19.45 Жаңалықтар. 20.20 Было дело. 21.00 Новости. 21.40 "Хозяйка". 0.00 "Паутина".

30 мамыр, сәрсенбі

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан. 10.00 Hit Qazaqstan. 11.00 М.х. 11.15 Қызық екен... 12.00 "Жараланған жүректер". 13.00 Ақпарат. 13.15 Көңіл толқыны. 13.35 Т.х. "Қармен жуылған қан". 16.00 "Мәриям". 17.00 Ақпарат. 17.15 Елден хабар. 17.35 Шипагер. 18.10 Қызық екен... 18.55 "Қуанышым менің". 20.00 Ақпарат. 20.30 Басты тақырып. 20.50 Қарекет. 21.45 "Жараланған жүректер". 22.40 "Мәриям". 23.40 Түнгі студия. 0.20 Ақпарат.

ХАБАР

7.00 Заң бойынша. 7.30 "Ауырмайтын жол ізде". 8.00 Жаңалықтар. 8.10 Таңғы хабар. 9.00 Новости. 9.10 "Мезгілсіз махаббат". 9.45 "Тығырық". 10.35 "Спасаем жизни". 11.10 Ана мен бала. 12.00 Новости. 12.10 Білу маңызды. 12.25 "Бәсеке". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 "Серебряный бор". 14.00 "Медсестра". 15.00 Рожденные вдохновлять. 15.45 "Бәсеке". 16.15 "Арман жолында". 17.00 Важно знать. 17.15 Ана мен бала. 18.00 Давайте говорить! 19.00 Жаңалықтар. 19.30 "Мезгілсіз махаббат". 20.05 "Тығырық". 21.00 Итоги дня. 21.30 "Время". 22.15 "Черный список". 23.05 "Тағдыр тартысы". 23.35 Жаңалықтар. 0.05 "Осколки".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Aqparat. 10.05 "Бозторғай". 11.05 Ел мүддесі. 12.00 ТілекTime. 13.00 Aqparat. 13.40 1001 мамандық. 14.00 "Мәңгілік махаббат". 16.00 Т.х. "Бажалар". 17.05 М.с. 17.35 "Сіз білесіз бе?". 18.00 Aqparat. 18.20 Жаназық. 19.00 Первая студия. 19.30 Т.х. "Елім-ай". 20.30 Aqparat. 21.10 Блогер. 21.30 Aqparat. 22.05 ТілекTime. 23.00 "Бозторғай". 0.00 Aqparat.

АСТАНА

6.00 Олжа. 7.00 Жаңалықтар. 8.00 М.ф. 10.00 "Жетер!". 11.00 "Зехра". 12.00 "Абысындар". 14.00 Біз біргеміз. Ана үйі. 14.30 Tengeland. 15.00 "Моя прекрасная няня". 16.00 М.ф. 17.30 Kaznet. 18.00 "Үзілмеген үміт". 19.00 "Зехра". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Жетер!". 22.00 "Абысындар". 23.30 "Үзілмеген үміт". 0.30 Жаңалықтар. 1.00 Новости.

НТК

7.05 М.х. 7.20 "Қалқан" ұйымының агенттері". 8.50 Insta TV.kz. 9.10 Ревю. 9.30 "Реальные пацаны". 10.00 "Остров". 10.30 Битва экстрасенсов. 12.00 Однажды в России. 13.00 Ревю. 13.30 М.с. 15.10 Байқа, балақай! 15.35 Бүлдір-күлдір. 16.20 Американың ең күлкілі видеосы. 17.10 Тек күлкі үшін. 18.15 Екі езу. 18.40 "Қағаз кеме". 19.10 Ревю. 19.50 "Остров". 20.30 Битва экстрасенсов. 22.00 Однажды в России. 22.20 "Қағаз кеме". 23.00 Тек күлкі үшін. 0.00 Х.ф. "Поворот не туда 6".

7 АРНА

6.00 Өз ойым. 7.00 "Жаңа келін". 8.00 "Элиф". 9.00 Гадалка. 10.00 "Я люблю своего мужа". 11.00 "Научи меня жить". 12.00 "Весной расцветает любовь". 13.10 Смеяться разрешается. 15.00 Өз ойым. 16.40 Q-елі. 17.10 "Тағдыры тоғысқандар". 18.20 Концерт. 19.10 "Элиф". 20.10 "Тағдырым шешілген күн". 21.10 "Жаңа келін". 22.00 "Научи меня жить". 23.10 "Весной расцветает любовь". 0.10 Т.с. "Секретные материалы".

31 АРНА

6.00 Ризамын. 7.00 Информбюро. 8.00 What`s Up? 9.00 "Қыздың жолы жіңішке". 11.00 М.с. 12.00 Ералаш. 13.00 Х.ф. "Такси". 15.00 Келіндер бәйгесі. 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 "Қыздың жолы жіңішке". 17.45 Лотерея LOTO 6/49. 18.00 Орел и решка. 19.00 "Воронины". 20.00 Информбюро. 21.00 "Фазилет ханым". 23.00 Х.ф. "Такси 3". 0.00 "Ертугрул 2". 1.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 В ладу с природой. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Әке серті". 14.00 Красота – Light. 14.30 Baby Гид. 15.00 Территория происшествий. 15.10 Өмір тынысы. 16.00 Жаңалықтар. 16.30 Неизведанный Казахстан. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Қылмыстық іс №. 20.00 РТН. 20.30 7 передача. 21.00 "Әке серті". 22.00 РТН. 22.30 Герои рядом. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 "Тот, кто читает мысли". 12.00 Қалаулым. 15.00 На самом деле. 16.00 "Влюбленные женщины". 16.55 Пусть говорят. 18.00 П@утіна. 19.00 Жаңалықтар. 19.45 Пендеміз ғой. 21.00 Новости. 21.45 Т.с. "Любовная сеть". 2.00 Мужское/Женское.

КТК

6.05 Жаңалықтар. 6.30 "Женнеттің көз жасы". 7.40 "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.45 "Женский доктор". 11.30 Новости. 12.10 "Паутина". 14.30 Новости. 15.00 Кел, келінім. 18.00 "Женнеттің көз жасы". 19.45 Жаңалықтар. 20.20 Министерство правды. 21.00 Новости. 21.40 "Хозяйка". 0.00 "Паутина".

31 мамыр, бейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан. 10.00 Hit Qazaqstan. 11.00 М.х. 11.15 Қызық екен... 12.00 "Жараланған жүректер". 13.00 Ақпарат. 13.15 Көңіл толқыны. 13.55 Д.ф. "Жакуля". 14.20 "Қармен жуылған қан". 16.00 "Мәриям". 17.00 Ақпарат. 17.15 Елден хабар. 17.35 Жарқын бейне. 18.10 Қызық екен... 18.55 "Қуанышым менің". 20.00 Ақпарат. 20.30 Басты тақырып. 20.50 Қарекет. 21.45 "Жараланған жүректер". 22.40 "Мәриям". 23.40 Түнгі студия. 0.20 Ақпарат.

ХАБАР

7.00 Заң бойынша. 7.30 "Ауырмайтын жол ізде". 8.00 Жаңалықтар. 8.10 Таңғы хабар. 9.00 Новости. 9.10 "Мезгілсіз махаббат". 9.45 "Тығырық". 10.35 Рожденные вдохновлять. 11.15 Ана мен бала. 12.00 Новости. 12.10 Білу маңызды. 12.25 "Бәсеке". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 "Серебряный бор". 14.00 "Медсестра". 14.50 Символы нашей Родины. 15.20 Өмір жолы. 15.50 "Бәсеке". 16.20 "Арман жолында". 17.15 Ана мен бала. 18.00 Давайте говорить! 19.00 Жаңалықтар. 19.30 "Мезгілсіз махаббат". 20.05 "Тығырық". 21.00 Итоги дня. 21.30 "Время". 22.15 "Черный список". 23.35 "Тағдыр тартысы". 0.00 Жаңалықтар. 0.30 "Осколки".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Aqparat. 10.05 "Бозторғай". 11.10 Регион 10. 11.30 Бірінші студия. 12.00 ТілекTime. 13.00 Aqparat. 13.40 Радуга. 14.00 "Мәңгілік махаббат". 16.00 "Бажалар". 17.05 М.с. 17.35 "Сіз білесіз бе?". 18.00 Aqparat. 18.20 Акцент. 18.40 Aqparat. 19.00 Первая студия. 19.30 "Елім-ай". 20.30 Aqparat. 21.10 Д.ф. 21.00 Aqparat. 22.05 ТілекTime. 23.00 "Бозторғай". 0.00 Aqparat.

АСТАНА

6.00 Олжа. 7.00 Жаңалықтар. 8.00 М.ф. 10.00 "Жетер!". 11.00 "Зехра". 12.00 "Абысындар". 13.50 "Жадымыздан өшпесін". 14.10 Profinance. Web. 15.00 "Моя прекрасная няня". 16.00 М.ф. 17.30 Kaznet. 18.00 "Үзілмеген үміт". 19.00 "Зехра". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Жетер!". 22.00 "Абысындар". 23.30 "Үзілмеген үміт". 0.30 Жаңалықтар. 1.00 Новости.

НТК

7.05 М.х. 7.20 "Қалқан" ұйымының агенттері". 8.50 Insta TV.kz. 9.10 Ревю. 9.30 Такси. 10.00 "Остров". 10.30 Битва экстрасенсов. 12.00 Однажды в России. 13.00 Ревю. 13.30 М.с. 15.10 Байқа, балақай! 15.35 Бүлдір-күлдір. 16.20 Американың ең күлкілі видеосы. 17.10 Тек күлкі үшін. 18.15 Екі езу. 18.40 "Қағаз кеме". 19.10 Ревю. 19.50 "Остров". 20.30 Битва экстрасенсов. 22.00 Однажды в России. 22.20 "Қағаз кеме". 23.00 Тек күлкі үшін. 0.00 Х.ф. "Я, робот".

7 АРНА

6.00 Өз ойым. 7.00 "Жаңа келін". 8.00 "Элиф". 9.00 Гадалка. 10.00 "Я люблю своего мужа". 11.00 "Научи меня жить". 12.00 "Весной расцветает любовь". 13.10 Смеяться разрешается. 15.00 Өз ойым. 16.40 Q-елі. 17.10 "Тағдыры тоғысқандар". 18.20 Концерт. 19.10 "Элиф". 20.10 "Тағдырым шешілген күн". 21.10 "Жаңа келін". 22.00 "Научи меня жить". 23.10 "Весной расцветает любовь". 0.00 The Эфир.

31 АРНА

6.00 Ризамын. 7.00 Информбюро. 8.00 What`s Up? 9.00 "Қыздың жолы жіңішке". 11.00 М.с. 12.00 Ералаш. 13.00 Х.ф. "Такси 3". 15.00 Келіндер бәйгесі. 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 "Қыздың жолы жіңішке". 18.00 Орел и решка. 19.00 "Воронины". 20.00 Информбюро. 21.00 "Фазилет ханым". 22.00 Х.ф. "Заложница 2". 0.00 "Ертугрул 2". 1.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 Красота – Light. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Көкейтесті сұхбат. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Әке серті". 14.00 Baby Гид. 14.20 Қылмыстық іс №. 15.00 Территория происшествий. 15.10 Бұл менің өмірім. 16.00 Жаңалықтар. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 Герои рядом. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Маленькие путешествия по большому краю. 20.00 РТН. 20.30 ПроАгро. 21.00 "Әке серті". 22.00 РТН. 22.30 7 передача. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

7.00 Доброе утро. 11.00 "Тот, кто читает мысли". 12.00 Қалаулым. 15.00 На самом деле. 16.00 "Влюбленные женщины". 16.55 Пусть говорят. 18.00 П@утіна. 19.00 Жаңалықтар. 19.45 Кешкі кездесу. 21.00 Новости. 21.45 "Любовная сеть". 2.00 Мужское/Женское.

КТК

6.05 Жаңалықтар. 6.30 "Женнеттің көз жасы". 7.40 "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.45 "Женский доктор". 11.30 Новости. 12.10 "Паутина". 14.30 Новости. 15.00 Кел, келінім. 18.00 "Женнеттің көз жасы". 19.45 Жаңалықтар. 20.20 Иная реальность. 21.00 Новости. 21.40 "Хозяйка". 0.00 "Паутина".

1 маусым, жұма

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан. 10.00 Hit Qazaqstan. 11.00 М.ф. 11.15 Қызық екен... 12.00 "Жараланған жүректер". 13.00 Ақпарат. 13.15 Астанаға 20 жыл. 13.30 Айгөлек. 14.20 "Қара шаңырақ". 16.00 "Мәриям". 17.00 Ақпарат. 17.35 Көңіл толқыны. 18.10 Қызық екен... 18.55 "Қуанышым менің". 20.00 Ақпарат. 20.35 Астана экономикалық форумының қорытындысы. 21.00 Қарекет. 21.55 "Жараланған жүректер". 22.50 "Мәриям". 23.50 Парасат майданы. 0.30 Ақпарат.

ХАБАР

7.00 Зań бойынша. 7.30 "Ауырмайтын жол ізде". 8.00 Жаңалықтар. 8.10 Таңғы хабар. 9.00 Новости. 9.10 "Мезгілсіз махаббат". 9.45 "Тығырық". 10.40 Символы нашей Родины. 11.25 Сана. 12.00 Новости. 12.10 Көрімдік. 12.30 "Жұлдызай-2017". 14.00 "Серебряный бор". 14.50 Алтын бесік. 15.50 "Бәсеке". 16.20 "Арман жолында". 17.15 Золотая середина. 18.00 Тарих. Тағдыр. Тұлға. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 "Мезгілсіз махаббат". 20.05 "Тығырық". 21.00 Итоги дня. 21.30 Х.ф. "Аферисты Дик и Джейн". 23.00 "Тағдыр тартысы". 23.30 Жаңалықтар. 0.00 "Ауырмайтын жол ізде".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

